

3 тарау. Дағдарысқа тірелген билік

Жер мәселесі – ең күрделі мәселе

Қазақстандағы ресейлік патшалық биліктің қандай жолдан өткенін Жетісудағы әскери губернатор мен облыстық басқарманың белгілі бір қоғамдық өмір саласындағы қызметіне қатысты тарихи фактілерді талдау арқылы көз жеткізуге болады. М. Тынышпаев, жоғарыда айтылғандай, орыс әкімшілігі қызметінің бастапқы кезеңін жергілікті халықтың өміріне көптеген жағымды өзгерістер әкелген тарихи кезең ретінде сипаттайды. Қайраткер-ғалымның бұл пікіріне біз де қосыламыз. Нақты фактілік материалдарға сүйенейік. Орыс әкімшілігінің Жетісуға келіп табан тірегенде, алдынан шыққан негізгі мәселелердің бірі жер мәселесі болды. Өз ретінде бұл мәселенің ішкі анатомиясы бар-тын, яғни: 1) жергілікті халықтың күнделікті тіршілігінде жер қорын пайдалану ерекшелігін, жерге меншік түрін анықтау, сол арқылы орыс билігінің жер мәселесіндегі ұстанымдарын белгілеу; 2) бұрынғы, яғни орыс әкімшілігі келгенге дейінгі жер қорын пайдалану жүйесі мен жаңа әкімшіліктік басқару жүйесі (ауыл, болыс, уез және облыс) орнағаннан соңғы кезеңде жерді пайдалануда қалыптасқан мәселелерді шешу; 3) орталық билік орындарының мақсатты түрде жүргізе бастаған ішкі ресейлік орыс шаруаларын мұнда әкеліп қоныстандыру шараларын жүзеге асыру арнасында “қоныстандыру қорларын” жасау; 4) қазақтарды мүмкін болғанша көбірек отырықшы тұрмысқа көшуге ынталандыру және мәжбүр ету болды.

Әрине, бұл ретте ресейлік билік аса үлкен мүдделілік танытып қана қойған жоқ, сонымен бірге Жетісудағы жер мәселесін өз пайдасына шешу жолында тәжірибелі отарлаушыларға лайық тапқырлық та таныта білді деп айтуға негіз жеткілікті. Мәселен, Түркістандағы Ресей әкімшілігі өз қызметіне кіріскенде ә дегенде үлкен белсенділікпен қолға алған мәселелердің бірі жергілікті халықтың жерге меншіктік қатынасын анықтау болды. Осы мақсатта жоғарғы билік орындарының тапсыруы бойынша Түркістан генерал-губернаторлығы әкімшілігінің шенеуніктері полковник Николаев, қызметкер Комаров және Кунның осы өлкедегі жер қатынасы жөніндегі талдау еңбектері өмірге келеді¹. Осы мазмұндағы еңбектердің санатына “Жетісу облысындағы жерге орналастыру жөнінде” атты Аристовтың еңбегін де жатқызуға болады². Түркістан генерал-губернаторлығы кеңсесінің бастығы генерал-майор Гомзин шенеуніктер қаламынан туған бұл зерттеу еңбектерге баға бере келіп “Таким образом вопрос этот с теоретической стороны уже достаточно выяснен. Остается практическая и главнейшая

сторона этого дела”,- деп тұжырымдады. Ал осы құжатта Түркістандағы Ресей билігі келгенге шейінгі жерді иемдену және игеру мәдениетіне байланысты мынадай баға берілген еді: “Население, обитающее в Туркестанском крае, хотя и жившее под законом мусульманским, но по краткости, неточности и общности его, пользовалось в своих правоотношениях более обычаем, чем законом, который лишь намечал принцип, не развивая его”³. Бұл берілген бағаның үстірт жақтары болуы әбден ықтимал, дегенмен оның негізінде шындық жатқаны даусыз. Түркістандағы жер қатынастары пәрменді даму жолында тұрған рыноктық жүйенің талап-тілектеріне сай емес-тін.

Өз ретінде айта кетелік, Түркістан өлкесін тұтас алған Жетісу облысындағы жер қатынасының өз ерекшеліктері бар еді. Түркістан өлкесінің Жетісудан басқа облыстарында отырықшы егіншілікке жарамды жерлер, әрине, анағұрлым мол болатын. Сондықтан да мұнда дәстүрлі егіншілік мәдениеті айтарлықтай жоғары дәрежеде даму алғандығы мәлім. Ал Жетісу облысында керісінше егіншілікке жарамды жер көлемі табиғи жайлымдардан анағұрлым аз болатын, сондықтан да мұнда ерте замандардан дәстүрлі мал шаруашылығы айтарлықтай өркен жайды. Міне осы негізгі жағдайға байланысты біз қарап отырған тарихи мезгілде бұл екі аймақта жерді иемдену және пайдалану ісінде тек өздеріне ғана тән ерекшеліктері болғаны дау тудырмаса керек⁴.

Ресей империясы Жетісу өңіріне өз билік жүйесін енгізе салысымен бұл аймақты пәрменді отарлау ісіне кірісіп кеткен-ді. Оның бұл әрекеті империяның ішкі губернияларынан Жетісу жеріне орыс шаруаларын әкеліп жаппай қоныстандыру саясатынан көрінді. Қоныс аударушылардың алғашқы легі Жетісуға келгенге дейін бұл өңірді патша өкіметі казак әскері арқылы отарлаумен шектелген болатын. Казактарға өлкені отарлау ісінде патшалық биліктің үлкен сенім артқанын Жетісу казактарының тарихын зерттеуші Н.В. Леденев өз еңбегінде былайша білдірген еді: ”Жетісуды әскери қызметке жарамсыз шаруалар арқылы ғана отарлау мүмкін емес. Мұнда кез-келген уақытта көрініс табуы мүмкін шабуылға тойтарыс беретін әскери-егінші қажет. Бұл талапқа Сібір казағы ғана жауап бере алады”⁵.

1867-1868 жылдары енгізілген әкімшілік-басқару жүйесіне шейінгі кезеңде Жетісу жеріне казак қоныстарының орын тебуі жөнінде біз жоғарыда баяндаған болатынбыз. Әскери тірек пункті міндетін атқарған казак қоныстары казактарды шұрайлы да құнарлы мекендерінен айырумен бірге, оның егіншілік мәдениетінің дамуына кедергі жасады, мал

шаруашылығының дәстүрлі қоныс аудару жүйесін бұзды. Патша өкіметі түрлі артықшылықтар берген казак қоныстары панасыз қазақ жұртына түрлі зорлық-зомбылықтар жасап отырды. Казактар қазақ жері табиғатына немқұрайды қарап, ормандарды ысырапсыз пайдаланып, біразын жоқ етті, жергілікті халықтан тартып алған егіншілікке жарамды жерлерді құнары таусылғанша пайдаланып, сонан соң оларды тастап жаңа жерлерге кетіп отырды⁶. Жетісу жеріне қоныстанған казактар үкімет берген түрлі жеңілдіктерді пайдалана отырып, өздеріне бөлінген құнарлы жерлерді тиянақты өңдеп пайдаланудың орнына, ол жерлерді шаруашылығы күйзелген казактарға жалға беріп, арзан пайда тауып жатқандығы жөнінде орыс басылымдарында да жазылып жатты⁷.

Казактардың ормандарды ысырапсыз пайдаланып, Жетісудың әсем табиғатына ауыр зардаптар тигізіп жатқанын Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфман 1867 жылы қазан айында Жетісу өңірінде болған кезінде өз көзімен көрген болатын. Ол казактардың мұндай әрекетіне ашынып, 1871 жылы желтоқсанда Соғыс министрі атына жолдаған хатында былай деп жазды: “Түркістан генерал-губернаторлығы құрылғаннан бері мен Жетісу облысындағы ормандардың сақталуына, олардың жөн-жосықсыз шабылмауына ерекше көңіл бөліп келемін. Дегенмен, соңғы 10 жыл ішінде өңірде ормандар азайып, құрып кету жағдайына жетіп отыр. Ормандарды сақтау тұрғындардың отынға, құрылысқа деген күнделікті қажеттіліктерін өтеу үшін ғана қажет емес. Ормандар жердің құнарлығын, тозбауын қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Ормандардың оталуы жердің өнімділігіне тікелей әсер етіп отырғаны байқалуда. Оған Қапал қаласы мен станицасының бүгінгі жағдайы дәлел бола алады. Онда казактардың көрегенсіз әрекетінен ормандар жойылып, егістик алқаптар жарамсыз күйге түсті. Мен осыған орай 1867 жылғы сапарымның кезінде облыс басшысына орманды шабуға шек қою үшін тиісті шаралар қолдануды тапсыруға мәжбүр болдым”⁸.

Әскери күш ретінде отарлау саясатында белсенді рөл атқарған казактар, жергілікті халықты күшпен ығыстыру нәтижесінде алған құнарлы жерлерді игеруге келгенде айтарлықтай жоғары егіншілік мәдениетін таныта алмады. Оны мынадай мәліметтерден аңғаруға болады. ХІХ ғасырдың 80-жылдары Жетісу облыстық басшылығы облыста тұратын казактардың шектен тыс артық жер иемденіп отырғандығын, ал ол жерлердің игерусіз жатқандығын мойындауға мәжбүр болып, казактар иелігінен 214 511 десятина жерді алып, оның 7529 десятинасын қалаларға, ал қалған бөлігін казактарға қайтарған⁹.

1874 жылы генерал Колпаковский қазақтардан түскен шағымды ескере отырып, Лепсі уезіндегі қазақтар иелігіндегі жерді тексеру үшін арнайы комиссия шығарады. Оның құрамында жергілікті қазақ тұрғындардың да өкілдері енген. Осы комиссия жұмысы нәтижесінде тек Лепсі уезінде қазақтардың иелігінде пайдаланусыз жатқан 10 мың десятина жер қазақтарға қайтарылған. Игерусіз жатқан қазақтар жерлерін шектеу Қапал және Верный уездерінде де орын алған¹⁰. Түркістан өлкесі генерал-губернаторы К.П.Кауфман осындай жағдайларды ескере отырып, бұдан кейінгі уақытта Жетісуда қазақтарды отарлау процесінде пайдалануды біраз тежеу қажет деп санады. Ол егін егіп, шарушылықты дамытуға барлық жағдайы бар қазақтардың құнарлы 22376 десятина жерді иелене отырып, осы жердің 1526 десятинасын ғана игергендігін өзінің қызметі жөніндег есебінде баяндады¹¹.

Генерал-губернатордың бұл ойын Жетісу облысы әкімшілігі қолдап, өз кезегінде, өлкенің экономикалық потенциалын толығырақ пайдалану ісіне басқа да сословие өкілдерін, әсіресе ішкі губерниялық орыс шаруаларын молырақ тартуды тиімді санады¹². Басқаша айтқанда казак қоныстарын құру, әскери бекіністер салу патша өкіметі үшін Жетісу жерін отарлаудың өтпелі кезеңі ғана еді. Тиянақты отарлаудың баянды жолы жаңа жерге орыс шаруаларын мейлінше көбірек қоныстандыру екендігін билік орындары жақсы түсінді.

Орыс шаруаларын шет аймақтарға қоныстандырудың алғашқы кезеңінде помещиктер арзан жұмыс күшінен айырылып қалудан қауыптеніп, шаруалардың шет аймақтарға көшуіне әр түрлі кедергілер қойып бақты. Тек қана арнайы рұқсат қағазы барлар және үкімет тарапынан жеңілдіктер мен көмек ақша алған шаруалар ғана қоныс аудара алатын болды. Патша әкімшілігі қоныс аудара келген шаруалар шет аймақтарда орыстандыру саясатының құралы, отарлаушы әскерлерді толықтырудың көзі болады деп санады. Осыған орай Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман: “Өлкеде орналастырылатын орыс қоныстары кең тарап, өзара тікелей байланыс орнатқан жағдайда ғана олар нағыз маңызға ие болып, үлкен күшке айналады. Осы негізге сүйеніп, облыста жаңадан құрылып жатқан орыс селоларын қазақ қоныстарымен және қалалармен біріктіріп, мүмкіндігінше отырықшы селолардың біртұтас жүйесі қалыптаса алатындай етіп орналастыру қажет”¹³, - деп жазған еді.

Генерал-губернатор фон-Кауфманның нұсқауымен Жетісу облысының әскери губернаторы Колпаковский өңірді орыс шаруалары арқылы отарлаудың жобасын жасап шықты¹⁴. “Жетісуда шаруаларды қоныстандыру

туралы уақытша ережелер” деп аталған бұл жобаны 1869 жылы генерал-губернатор бекітті. Онда Жетісуға келген қоныс аударушылардың жағдайын жеңілдетуді көздеген мынадай шаралар қарастырылған болатын: әрбір қоныс аударушы ер адам басына егіншілікке қолайлы 15 десятинадан жер бөлініп, оған басы артық 15 десятина қосылады; почта тракті бойындағы бекеттерге орналасқандарға 30 десятина бөлініп, оған 15 десятина басы артық жерлер қосымша беріледі; қоныс аударушылар 15 жыл бойы салықтан түрлі міндеткерліктерден босатылады¹⁵.

Осы жобаға сәйкес облысқа жылына 1375 отбасын қоныстандыру көзделді. 1882 жылдан бастап қоныс аударушылардың саны бұл көрсеткіштен асып түсетін болды. 1882 жылы Жетісу облысына 1718 отбасы қоныс теуіп, олардың 7398-і ер, 6219-ы әйел жынысты болды¹⁶.

1883-1891 жылдар аралығында Жетісу өңірінде қоныс аударушылар үшін жаңа поселкелер салынбады. Бұл кезде қоныс аударушылар легі саябырсып қалған болатын. 1892 жылы Ресейдің еуропалық бөлігінде астықтың шықпай қалуына байланысты Ішкі істер министрлігінің рұқсатынсыз Жетісу өңіріне 1769 отбасы көшіп келді. Жергілікті әкімшілік оларға арнап Пішпек уезіне қарасты территорияда Георгиевка және Ивановка поселкелерін құрды¹⁷. XX ғасыр басындағы белгілі статист ғалым А.А. Кауфманның көрсетуінше үкіметтің рұқсатынсыз шет аймақтарға көшіп келушілер XIX ғасырдың соңына қарай қоныс аударушылардың 85%-ке жуығын қамтыған¹⁸.

Бұл кезеңде Жетісу облысы Дала генерал-губернаторлығының қарамағында болғандықтан 1891 жылғы “Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару ережесі” бойынша басқарылып, оның 120-бабының 1-қосымшасы қоныс аударушыларға жарамды жерлерді мол алып беруге кең жол ашты. Ол қосымшада: “Көшпенділер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік мүлік министрлігі қарамағына өтеді”-делінген еді. Мұндай қосымша 1886 жылы қабылданған “Түркістан өлкесін басқару Ережесінде” болмады. Сондықтан да көршілес жатқан Сырдария облысына қарағанда Жетісуды орыс шаруалары арқылы отарлау әлде қайда нәтижелі жүрді.

Осылайша орыс шаруаларының Жетісу облысына ағылып келуіне толық мүмкіндік жасалды. Алайда, қоныс аударушылар легінің артуына байланысты оларды жерге орналастыруға әкімшілік орындарының мүмкіндігі жете бермеді. Соған орай Жетісу облысына қоныс аударушыларды орналастыру мәселесі бойынша 1895 жылы Омбы қаласында арнайы комиссия құрылды. Бұл комиссия қазақтар мен қырғыздарды жерге орналастырылып алмайынша, яғни басы артық жердің көлемін

анықтамайынша қоныс аударуды доғара тұру қажет деген шешімге келді. Мұндай пікірді Ішкі істер министрлігі де қолдап, 1896 жылы 15 маусымда Жетісу облысына орыс шаруаларына қоныс аударуға рұқсат қағаздарын беруге тиым салды¹⁹.

Сөйтіп, 1896 жылдан Жетісу өңірі қоныс аударушылар үшін жабылды. Жетісуға ешқандай рұқсатсыз, өз бетімен келген орыс шаруалары жерге орналастырылмады. Олар бұрын келген қоныс аударушылардың үйлеріне орналастырылып, соларға жалданып күн көретін болды. Жерге орналастырылмаса да жергілікті тұрғындардан арендаға жер үлесін алуға болатынын естіген орыс шаруаларының Жетісуға қарай ығысқан ағымы тоқтамады. Соның нәтижесінде 1903 жылға қарай Жетісуда рұқсатсыз келген шаруалардың саны 17 мыңға, 1904 жылы 23 мыңға жетті²⁰. Осыған орай қоныс аударушылар легін тежеу мүмкін болмағандықтан орталық билік орындары Ресейдің азиялық бөлігіне қоныс аударуға “есік ашық” деп жариялауға мәжбүр болды. Сонымен қатар үкімет қоныс аударушылар шығынын өз мойнына алуды міндеттеніп, қоныс аудару пунктерін ұйымдастыруды жолға қойды.

1904 жылы 6 маусымда қабылданған “Село тұрғындары мен мешан егіншілерді өз еркімен көшіру туралы уақытша ережеде” егіншілікпен айналысатын және “үкімет қажет деп тапқан” аудандарға барғысы келетін жері тапшы губерниялардан шыққан қоныс аударушыларға бұдан былай үкімет орындарының қолдау көрсететіндігі айтылды. Бұл категорияға жататын қоныс аударушылар үкімет тарапынан түрлі артықшылықтар мен материалдық көмек алуға құқықты болды²¹.

Ішкі істер министрлігі жанынан 1895 жылы Қоныс аудару басқармасы ашылған болатын. 1905 жылы мамыр айында аталған басқарма жаңа құрылған Егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігі қарамағына өтті. Бұл мекемеге империя көлеміндегі қоныс аудару мәселесіне байланысты барлық іс-шаралар жүктелді. Мұнын артынша үкімет орындары Қазақстан жерін қоныс аударатын бес ауданға бөлді. Олар Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу аудандары еді. 1906 жылы осыған сай Жетісу облысында аудандық қоныс аудару басқармасы ашылды. Ол өз кезегінде Түркістан өлкелік егіншілік және мемлекеттік мүлік Басқармасына бағынды²².

Жетісу аудандық Қоныстандыру басқармасы өз кезегінде Қапал, Лепсі, Сергиополь-Бахты, Балқаш-Іле, Жаркент, Верный, Шу, Нарын, Пржевальск және Пішпек аталатын 10 кіші аудандарға (подрайон) бөлінді²³.

Аудандық қоныс аудару мекемелері әкімшілік тұрғысынан ғана емес, жұмыс жасау әдісі, атқарған міндеттері жағынан да таза отаршылдық мазмұндағы мекемелер еді. Уездік, облыстық деңгейдегі бұл мекемелердің негізгі міндеті жергілікті халықтың пайдалануындағы жердің “артығын” тауып, қоныс аударушыларға учаскелер даярлау, осы мақсатта құрылған жер межелеу топтарының қызметін ұйымдастыру, қоныс аударушыларға тиесілі мемлекеттік түрлі көмектердің уақытында берілуін қамтамасыз ету, қоныс аударушылардың орналасуы барысында пайда болатын әркілі мәселелерді, солардың ішінде жергілікті халық пен келімсектер арасында туатын дау-дамайды реттеп отыру еді. Ал әкімшілік орындары болса, бұл мекемелердің басына империялық мүдделерді жақсы түсінген, соған қызмет етуге ынталы адамдарды ғана қоюға тырысты²⁴.

Аудандық басқармаға қоныстандыру ісінің меңгерушісі жетекшілік жасады. Ол өз ауданындағы қоныстандыру ісінің барысына жауап берді. Оның қарамағында ерекше тапсырмаларды орындайтын және агрономиялық, гидротехникалық, т.б. жұмыстарды атқаратын маман-шенеуніктер істеді. Кіші аудандардағы қоныстандыру мекемесінің меңгерушісі қызметін ерекше тапсырмаларды орындайтын шенеунік атқарды.

Аудандық қоныс аудару Басқармасы статистикалық, агрономиялық, гидротехникалық, жер межелеу, жол, дәрігерлік, азық-түлік, ветеринарлық, жер бөлу, қоныс аударушыларды жабдықтау бөлімдерінен тұрды.

Статистикалық бөлім міндетіне облыстағы елді мекендердегі тұрғындардың санын, қоныс аударушылар мен жергілікті тұрғындардың жер пайдалану ретін анықтау, сол жерлерді тарихи және географиялық тұрғыдан зерттеу кірді.

Агрономиялық бөлім жер қыртысын, өсімдік дүниесін зерттеп, қоныс аударушыларға агрономиялық көмек көрсетумен, тәжірибелік-үлгілі шарушылықтар ұйымдастырумен айналысты.

Гидротехникалық бөлім шенеуніктері ирригациялық су жүйелерін (арықтарды, каналдарды) салу, өзендер мен көлдерді зерттеу, су көздерін ашу, шөлейтті жерлерді суландырудың тиімді жолдарын табу істерімен шұғылданды.

Жер межелеу бөлімі облыс тұрғындарының пайдалануындағы жерлерді өлшеумен, егіншілікке жарамсыз жерлердің көлемін анықтаумен айналысса, жол бөлімі қоныс аударушылар орналасқан елді мекендерге баратын

жолдардың жобасын жасап, оны салумен, ал дәрігерлік және ветеринарлық бөлімдер қоныс аударушыларға тиісті көмек көрсетумен шұғылданды.

Жер бөліп беру бөлімі қазыналық жер қорларын анықтаумен, қоныс аударушыларға арналған учаскелер даярлаумен, қоныс аударушыларды жабдықтау бөлімі қоныстанушыларды несиелеумен қамтамасыз етумен, мектептер ашуды ұйымдастырумен айналысты²⁵.

Қоныс аудару мекемесі қазақтар пайдалануындағы “басы артық” жерлерді табуды негізгі мақсаты деп есептеді. Соған орай қазақ шаруашылығына тиесілі жер нормасын анықтауға баса мән берді. Қоныстандыру мекемелері құрылғанға дейін Қазақстанның далалық облыстарында Щербина экспедициясы негізінде жасалған жер нормасы патша өкіметін қанағаттандырмады. Сондықтан да Қоныс аудару басқармасы 1906-1910 жылдар аралығында Азиялық Ресейдің әртүрлі аудандарында қазақ шаруашылықтарын қайта зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жетісу өңірінде Румянцев бастаған экспедиция және статистикалық партиялар жұмыс жасады.

Егер Щербина экспедициясы әрбір орта қазақ шаруашылығына тиесілі жер нормасын сол орта отбасының жылдық тұрмыс шығынына жарайды деген 24 бас малды (жылқыға аударғанда) асырап-сақтай алу мүмкіндігінен шығарса, кейінгі зерттеу жұмысын жүргізгендер ол шығын санын 16 бас малға түсіріп, соған сай жер нормасы көлемін айқындауды ұсынды. Дала облыстарына белгіленген бұл норма Жетісу өңірі үшін тым артық деп саналды. Жетісу облысы жерін зерттеген статистикалық партиялар бұл өңірде жергілікті халықтың мал шаруашылығынан басқа егіншілікпен де шұғылданатындығын көлденең тартты. 1907 жылы Жетісу қоныстандыру мекемесі ұйымдастырған экспедиция қазақтардың жер нормасын Верный уезінде 8.7 бас малмен, Жаркент уезінде 13.10 бас малмен, Қапал уезінде 8.26 бас малмен, Лепсі уезінде 6.82 бас малмен айқындаған дұрыс деп санады²⁶. Осылайша жер нормасын қысқарта отырып, жергілікті қоныстандыру мекемелері “артық” жер көлемін Жетісу облысы бойынша 4 949 500 десятина деп шығарды²⁷.

Түркістан өлкесіне орыс шаруалары легінің ағылып келуі суландыратын жерге деген сұраныстың күннен-күнге көбейе түсуіне алып келді. Бұл, әсіресе, 1907-1908 жылдары қоныс аударушылардың үлкен толқынының келуіне орай айқын көрініс тапты. Осындай жағдайда қазақтардың пайдалануындағы суармалы жерлерді тартып алу үшін қоныстандыру мекемелері саналы түрде ирригациялық жүйелерді қиратуға дейін барды. Нәтижесінде қазақтар ондай жерлерді тастап кетуге мәжбүр болды. Сенатор

К. Паленнің Түркістан өлкесінде жүргізген тексеруі нәтижесінде жасаған есебінде келтірілген мәліметтерге қарағанда қоныс аудару мекемелерінің шенеуніктері Жетісуда 5 100-ден астам отырықшы қоныс ошақтарын қиратқан²⁸.

Міне, осы келтірілген мәліметтен отарлық билік жүйесінің қазақтардың егіншілік мәдениетінің дамуына шектеу қойғандығын аңғарамыз. Бұл жөнінде белгілі ғалым, қазақ жері мәселесінің білгірі Т. Шонанұлы: “Отаршылдар саясатының қазақ шаруасының өзгеріліп келе жатқан бағытына жалпы тигізген әсері егіншілікке айналуы кешендету болды, иәки тіпті өмірінше егін салмастай қылу болды”²⁹ - деп жазған еді.

Жетісу облысындағы қоныстандыру ісін қарастырған зерттеуші В.А. Васильев сол тарихи кезеңде-ақ қоныс аудару саясаты нәтижесінде: “1. Өмір сүруге қолайлы жерлер су бастауларымен және қазақтар пайдаланып отырған жерлермен қоса алынды. 2. Қазақтардың мүддесі аяқ асты етіліп, олардың қалыптасқан көшіп-қону бағыттары бұзылды. 3. Бүтіндей ауылдар ертеден тұрып келе жатқан орындарынан ығыстырылып, дайын су жүйелері және қыстаулардығы құрылыстар бұзылды. 4. Жер кесуде техникалық тәртіптер сақталмай қазақтарға берілген жерлер орыс поселкелерімен араласып, ұлттық шиеленіс өрши түсті”³⁰ - деп атап көрсеткен болатын.

Осыған қарамастан қоныс аудару мекемелерінің жергілікті өкілдері Жетісу өңірінде бос жатқан жерлердің көптеген жайында орталық билік орындарына ақпараттар беруден қайтпады. Өз кезегінде Қоныс аудару басқармасы Түркістан өлкесіндегі жергілікті мекемелеріне “қоныс аударушыларға қажетті учаскелерді бос жатқан жерден емес, керісінше халық орналасқан жерлерден іздеу керек”³¹ - деген нұсқаулар берумен болды.

Міне, осындай қалыптасқан жағдайда жергілікті билік орындарында біртіндеп “орталықтан түскен мұндай нұсқаулар бойынша әрекет ету халық наразылығын тудырып, бүкілхалықтық “бүліктің” шығуына алып келуі әбден мүмкін” деген пікір туа бастады. Мұны Түркістан генерал-губернаторы Н.Гродековтың 1906 жылы орталық билік орындарына жолдаған хатының мазмұнынан аңғаруға болады. Ол бұл хатында Түркістан өлкесінің қоныс аударушылар орналасып жатқан басқа өңірден айырмашылығына, қоныс аудару ісін дұрыс жолға қою үшін нендей жағдайларға көңіл бөлу қажеттігіне тоқтала отырып, былай деп жазған-ды: “Түркістан өлкесін тұрғындарының саны мен алып жатқан аумағын салыстыра қарап, соның негізінде бұл өлкеде бос жатқан жерлер көлемі ұлан байтақ деп есептеу түбірімен дұрыс емес. Қоныс аударушылар бағыт алған басқа облыстарға

карағанда Түркістандағы егін шаруашылығы жағдайының өзгеше екендігін есте ұстау қажет. Өлкенің барлық облыстарында егістікті қолмен суғарған жағдайда ғана егіншілікті дұрыс және тұрақты етіп жүргізуге болады. Ресейдің басқа өңірлеріндегідей жаңбырға негізделген егістік түрі мұнда қолмен суарылатын егіншілікке сүйеу ғана. Сондықтан қоныс аударушыларды орналастыру бос жатқан жерлерді іздеп табумен ғана шешілмейді. Жетісу облысына қатысты заң бойынша (1891 жылғы Ереженің 120-бабына жасалған 1-ші қосымша) қоныс аударушыларды көшпенділер үшін артық болатын жерлерде ғана орналастыруға болады. Бұдан өзінен-өзі мына жағдай айқындалып шығады: түземдіктердің үлкен қаржы жұмсап, тер төгіп жүргізген су жүйелері, еш уақытта, қарапайым әділдікті барып тұрған сорақылықпен бұзбайынша түземдіктер үшін артық болуы мүмкін емес. Бұл өлкеде орыс поселкелерін құру тарихы, шындығында, жергілікті әкімшіліктің түземдіктерге өздері өңдеп, суарып отырған жерлерінен бас тартқызу жолында жасап отырған құпия қысым жасау тарихы екенін көрсетеді... Қоныстандыру мекемелерінің қызметкерлері көшпенділер үшін шын мәнінде артық болатын немесе аз қаржы жұмсап су жүйелерін жүргізуге болатын жерлерді іздеп табудың орнына, түземдіктер үшін қай жағынан алып қарасақ та артық болмайтын жерлерін олардың еркінен тыс тартып алумен айналысуда. Түземдіктерге, бұл жағдай ауыр тисе де, орыс үкіметінің әміріне үйреніп қалған әдеті бойынша, өз жерлерінен көшулеріне мәжбүр болып отыр. Бірақ мұндай жағдай ұзаққа созыла береді екен деп ойлауға болмайды. Мұндай ахуал халықтың бүлік шығаруына алып келуі мүмкін”³².

Алайда, Түркістан генерал-губернаторының бұл хатына орталық билік орындарының көңіл бөлу мәселесін былай қойғанының өзінде, Министрлер Кеңесінде “Американы отарлау барысында еуропалықтар ондағы қызыл нәсілдегі халықпен қандай қатынас орнатқан болса, Жетісуды отарлауда көшпенділермен де сондай қатынас құру қажет,” деген сөздер айтылып жатты³³.

Жетісу өңірінде жергілікті халыққа деген мұндай қатынастың орнауына Жетісу аудандық қоныс аудару мекемесі аса мүдделілік танытты. 1906 жылы бұл мекеменің меңгерушісі қызметінен О.А.Шкапский босатылып, оның орнына орталық қоныстандыру басқармасының ерекше тапсырмалар бойынша шенеунігі С. Н.Велецкий тағайындалған болатын. “Қоғамдық көзқарасы және практикалық қызметі тұрғысынан алғанда ұлыдержавалық, шовинистік ұстанымдағы С. Н.Велецкий үшін жергілікті халық, оның табиғи мүддесі деген ұғымдар жоқ-тын. Оның сенімді пікірі бойынша, өзі басқарған

қоныстандыру мекемесі егіншілікке жарамды жерлерден ешқандай да мүдірместен қоныстандыру учаскелерін ашып, оларға ішкі Ресей губернияларынан келген орыс шаруаларын орналастыра беру керек-тін.

М.Тынышпаевтың тап басып көрсеткеніндей, Жетісу облысына келген соң қызметін Верный уезінің Шамалған болысындағы егіншілікке жарамды қазақтардың жерін қоныс аударушыларға тартып әперуден бастаған Велецкийдің “алғашқы істеген әрекеттері жергілікті халықтың ғана емес, облыс әкімшілігінің де үрейін алған еді.” Орталық қоныстандыру басқармасы берген ерекше өкілдік құқына сүйенген Велецкийдің ұстанған бағыты отарлау саясатында басқа, ұстамдылық әдістерді қолданған Жетісу әскери губернаторы генерал М.Е. Ионовқа ұнай қойған жоқ еді”³⁴.

С. Н.Велецкий жер және басқа қоғамдық мәселелерді шешуде ашықтан-ашық күшке сүйенуді жақтап: “Қоныс аудару ісін шешу үшін батыл табандылық пен күшті үкімет қажет,” - деп санады. Оның ойынша, өзі басқарып отырған қоныс аудару мекемесі егіншілікке жарамды жерлерден қоныс аудару учаскелерін ашып, оларға Ресейдің ішкі губернияларынан келген орыс шаруаларын ешқандай да именбестен орналастыра беруі қажет еді.

Жетісу облыстық қоныс аудару мекемесін басқарып отырған С. Н.Велецкийдің мұндай әрекеттері жайлы хабарлар Түркістан генерал-губернаторына жетісімен ол 1908 жылы 10 қыркүйекте Жетісу облысы әскери-губернаторы атына Ташкенттен мынадай мазмұндағы жеделхат түседі: “Генерал Гродековтың жергілікті тұрғындар иеленген қыстаулары, шабындықтары және егістік жерлері тек төтенше жағдайда ғана алынсын деген қатаң бұйрығына қарамай, сіз басқарып отырған облыста мұндай жағдайлар кең етек алып отырғаны байқалады. Қоныс аудару мекемесі неге қырғыз-қазақ жерлерін әуелде алып қойып, соңынан оларға басқа жерге орналасуды ұсыну тәжірибесін іс жүзінде көп қолдануда? Неге қырғыз-қазақтарға ұсынылған жерлерге қоныс аударушылардың өздерін бірден орналастыруға болмайтындағын түсіндіруіңізді сұраймын”³⁵.

Осы жеделхатқа орай Жетісу облыстық басқармасында 24- қыркүйекте арнайы жиналыс өткізіледі. Жиналыста Велецкий баяндама жасап, онда: ”Жетісу облысында қоныс аударушыларға учаскелер құру ісінде Дала облыстарын басқару Ережесіндегі 120-баптың бірінші қосымшасы негізінде, яғни көшпенділерге артық болатын жерлер алынсын деген заң басшылыққа алынуда. Мұндай артық жерлерді иелерінен алуға байланысты қырғыз-қазақтардың мүддесін қорғау үшін қандай жерлерді оларға қалдыру қажет екендігін анықтау керек. Бұл жағдайда Дала Ережесінің 119-бабы

басшылыққа алынғаны жөн. Онда көшпенділер қоныстанған жерлер, оның бар байлығы мемлекет меншігі ретінде мойындалады делінген. Өзінің меншіктік құқын пайдалана отырып, мемлекет қырғыздар иелігінен өзіне қажет деген кез келген жерді қырғыздар үшін артық деп жариялай алады”³⁶ - деп мәлімдеді. Яғни оның пайымдалуынша, жергілікті тұрғындар тағдыры, олардың жерлерінің алыну-алынбауы немесе қандай көлемде алынуы үкіметтің, оның шенеуніктерінің ар-ожданына байланысты болып шықты.

Жетісу облысы қазақтарының жерін алуға байланысты Велецкий баяндамасында өзінің әрекетін ақтай отырып, былай дейді: “Қазақтардың құқын қорғаушылар заңды дұрыс түсінбегендіктен менің әрекетімді сынауда. Ереженің 120-122-баптарында қырғыз-қазақтардың қыстаулары және өңдеп отырған жерлері қоғамдық пайдалануға беріледі, оның ішінде құрылыстары және бау-бақшалары бар жерлер өңделуі тоқталмайынша немесе құрылыстары бұзылмайынша атадан балаға мұра болып қала береді делінген. Қырғыздар және олардың адвокаттары осы бапты айтылған заңға сүйеніп, өздері өңдеп отырған жерлерді алынбайды деп санауда. Алайда, жоғарыда айтылғанға салыстыра отырып қарайтын болсақ, қырғыздар иелігіндегі кез келген жер мемлекет меншігі екендігіне, көшпенділерге ол жерді тек қоғамдық пайдалануға ғана берілгендігіне көз жеткізуге болады. Бір сөзбен айтқанда, қоныстанушылар учаскелерін құру үшін қырғыздарды көшіруге тура келеді, ал оларды жерлері артық басқа қырғыздардың арасына орналастыруға болады. Өйткені, Жетісуда ешкім иеленбеген бос жатқан жерлер жоқтың қасы, әсіресе ондай жерлер қоныстанушылардың отарлауы үшін өте қажет деп саналатын, ауыр және қымбат су жүйелерін жүргізуді қажет етпейтін аудандарда тіптен жоқ”³⁷.

Велецкийдің пікірінше, жергілікті халық тарапынан пәрменді қарсылық болуы мүмкін емес, егер ондай қарсылық көріне қалғанда, үкімет орындары оны аяусыз жаншып басу керек болатын. Ол өзінің алдына қойған мақсатын жүзеге асыру барысындағы әрекеттерін заңға қайшы келмейтіндігін негіздеуге тырысып бақты. Оның осы жолда жасаған жүгенсіздіктерін, яғни қазақтардың қолмен суғарып, егін егіп отырған жерлерін “артық” деген сылтаумен тартып алуға бейімділік танытып отырғаны жайында Жетісу облысының әскери-губернаторы генерал Ионов Түркістан генерал-губернаторына мәлімдеумен болды³⁸.

Түркістан генерал-губернаторы егер қоныстандыру ісі Велецкийдің ұстанымы бойынша жүре беретін болса, онда ол бүкіл халықтық “бүлік”

туғызуы әбден мүмкін деп қауіптеніп, орталық билік орындарынан Велецкийді қызметінен босатуды талап етті³⁹.

Осы тартыс барысында орталық билік Велецкий жағына шығып, оның ұстаған бағытын қуаттады. 1907 жылы Жетісу әскери-губернаторы генерал Ионов, оның артынша Түркістан генерал-губернаторы Гродеков орындарынан босатылды. Орталық билік орындары мен жергілікті әкімшілік арасындағы “түсінбеушілік” 1909 жылы өлкенің генерал-губернаторлығы қызметіне реакциялық пиғылдағы генерал Самсонов, ал Жетісу облысы әскери губернаторлығына генерал Фольбаумның тағайындалуымен шешімін тапты. Генерал Самсонов өзінің 1909 жылы атқарған қызметі жайында патшаға жазған хатында “Еуропалық Ресейде жер тапшылығынан туындаған шиеліністі Түркістан өлкесіне орыс азаматтарын орналастыру арқылы шешуге болады,”- деп түйіндейді⁴⁰.

Сол тұста патша өкіметі Түркістан өлкесіндегі жергілікті тұрғындардың жерін алуды заңдастыру жолын да қарастырып жатқан болатын. 1886 жылғы 12 маусымда бекітілген Түркістан өлкесін басқару Ережесінде қазақтан артылған жерді қазына өз пайдасына алады деген қосымша жоқ еді. Бұл жағдай өлкедегі қоныстандыру мекемелеріне тым жайсыз тиетін. Сондықтан да олар орталықтан дала облыстарын басқару Ережесіндегі қосымшаны Түркістанды басқару Ережесіне де тездетіп енгізуді өтініп жатты.

“Көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер Жерге орналастыру және Егіншілік бас басқармасы қарауына өтеді” деген қосымша 1910 жылы 7 сәуірде Мемлекеттік Думаның жалпы жиналысында қаралып, қабылданды. Мемлекеттік Кеңестің енгізген редакциялық өзгерісінен соң, бұл заң жобасы 1910 жылы 7 желтоқсанда Мемлекеттік Думада қайта қаралып, Мемлекеттік Кеңестің енгізген өзгерісінен соң қабылданып, сол жылғы 19 желтоқсанда патша оны өз қолымен бекітті.

Қазақтар иелігіндегі жердің көптігіне орталық биліктің көзін жеткізу мақсатында жергілікті қоныстандыру мекеме қызметкерлері “артық” жерлер қатарына шөлді, құмды жерлерді де кіргізді. Жарамды жерлердің жалпы көлеміне болыстықтар бойынша ешнәрсеге жарамайтын қамысты, батпақты жерлер, тау етектері, арасынан өтуге болмайтын итмұрын және басқа да тікенді бұталары бар қопалар, суландыруға келмейтін далалы жерлер, қойтасты жерлер жатқызылды. Оның үстіне межелеу жұмыстары ұқыпсыздықпен, күрделі қателіктер жіберу арқылы жүргізілді. Топографтардың жұмыстарын ешкім қадағаламады және олардың көпшілігі өз мамандығына сай келмейтін, қызметіне қарапайым адалдығы жоқ, өздері

арасында жұмыс істеп жүрген халықпен әділ қатынаста болуға ықылассыз адамдар еді.

Іс жүргізетін шенеуніктер тарапынан межелеу жұмысына мұндай қатынас жағдайында әрбір болыстықтардан қоныстанушыларға өлшемді тең жер бөлуді күту қисынсыз еді. Бір болыстықтан қоныс аударушылар үшін тым үлкен жер кесілсе, екіншісінен тіптен аз алынды. Мұндай жағдай жергілікті халық арасында түсінбеушілік туғызып жатты.

Жетісу облысы қоныстандыру мекемесі қызметкерлерінің өз жұмысына жауапсыздықпен қарауы салдарынан қазақтардың жерсіз қалып отырғандығы туралы осы мекеменің бөлім меңгерушісі былай деп жазды: “Көп жағдайларда қазақтар иелігінен жерлерді алуда заңсыздыққа жол берілді. Егер жер заңдық негізде алынатын болса, онда жерінен ығыстырылған қырғыздарға құндылығы жағынан өздерінің игеріп отырған жерінен кем емес жер бөлініп берілуі тиіс, бірақ мұндай іс-шара жүзеге асырылмады. Жер бөліп беретін уақытша комиссиялар “пәлен жерден жер беріледі” деген жоспарын көрсетеді де, алайда ол жоспар орындалмайды. Есесіне қазақтар пайдаланып отырған жерлер иелігінен алынып, олар жерсіз қаңғырып қалады”⁴¹.

Жетісуда қоныс аудару мекемелерінің осындай әрекеттерге барып отырғанына 1908 жылы 21 тамызда Верный уезінің Шығыс-Талғар болысына қарайтын қазақ ауылдарының өкілдері граф К.К. Паленнің атына шағымданған. Ол шағымда Шығыс-Талғар болысында 14351,5 десятина жерді қоныс аудару мекемесі “артық” деп тапқаны, осы кесілетін жерде қазақтардың 74 қыстауы барлығы айтылып, граф К.К.Паленнің өздеріне араша түсуі өтінілген болатын⁴².

Граф К.К. Пален Түркістан өлкесін тексеру барысында осындай шағымдарды жинастырып, өзінің есебінде Жетісу қоныс аудару мекемесінің жүгенсіз әрекеттері қазақтардың шаруашылықтарын күйзеліске түсіруде деген тұжырымға келген болатын⁴³.

Жетісудағы қоныс аудару мекемесінің жүгенсіздігі жайлы сол кезеңде орыс басылымдарында да жазылып жатты. “Современник” журналының 1912 жылғы санында бұл жайлы былай деп жазылды: “Нұсқаулар мен циркулярларды оқып көріңіздер, қоныс аудару мекемесінде істейтіндердің, уақытша комиссиялардың қызметтеріне көңіл бөліңіздер, олардан қырғыздар меншігін дөрекі түрде саудаға салу, талау, алдау-арбау жасырынып жатқандығын көруге болады”⁴⁴.

Отарлық билік орындары қоныстанушыларды жер үлесімен қамтамасыз ету үшін қазақтарды жаппай отырықшы тұрмысқа көшіру қажеттігін жақсы түсінді. 1908 жылы маусымда Министрлер Кеңесі қазақтарды қоныстанушылармен теңеріп, жан басына 15 десятинадан жер бөліп беру арқылы отырықшылыққа өткізу керек деп шешім қабылдады. Сондай жоба 1909 жылы 12 сәуірде Думаға қарауға берілді.

Қазақтардың отырықшылыққа көшуі олардың жерлерін “артық” деген желеумен қоныстанушыларға көбірек алып беруге мүмкіндік туғызатын. Бұл істе әсіресе Жетісу облыстық қоныстандыру мекемесі белсенділік танытты. Ол жөнінде Велецкий 1909 жылғы қызметі жайлы есебінде былай деп жазды: “1909 жылы қырғыздарға (қазақтарға) тиесілі жер үлесі нормасын анықтап, оларды бір жола отырықшы тұрмысқа көшіріп, ал соның нәтижесінде артылған жерлерді облыстық отарлау ісіне жарату үшін алғаш рет облыстағы барлық қырғыздардың жерді пайдалану және шаруашылық жүргізу тәжірибесі статистикалық зерттеуге, сондай-ақ жылына екі уезден зерттеп, біл істі үш жылдан асырмай аяқтау жоспарланып отыр”⁴⁵.

Отырықшылыққа негізінен кедейленген қазақ қожалықтары ғана өте бастады. Қазақ қожалықтарының кедейленуінің өзі де патша өкіметінің қоныстандыру шараларымен тығыз байланысты. Мұны Верный уезіне қарасты Тайторы болыстығының старшыны Санғұлы Жансейітовтың қоныстандыру мекемесіне жазған шағымынан аңғаруға болады: “Жетісу облысында Ресейден келген қоныс аударушыларды орналастыру басталып және оларға ең жақсы, топырағы құнарлы жерлер алынып жатқандықтан біздің көшпенділердің жағдайы қиындап кетті. Сондықтан, біз отырықшылыққа өтуге келістік”⁴⁶.

Мұндай мазмұндағы өтініштер мұрағат құжаттарында көптеп кездеседі. Олардың барлығында дерлік қазақтардың отырықшылыққа көшуі шаруашылықтағы күйзеліспен, яғни қоныс аудару саясатының нәтижесімен байланыстырылған. Патша өкіметінің ең құнарлы деген жерлерді қоныстанушылардың пайдасына кесіп алуы қазақ қожалықтарын тығырыққа тіреп, олардың біразының дәстүрлі шаруашылық жүргізу мүмкіндіктерін шектеді. Ондай қожалықтар көп ұзамай отырықшылыққа көшуге мәжбүр болды. Отырықшылыққа кедейленген қазақ қожалықтарын көшіп жатқанын 1909 жылы Верный қаласында өткен облыстық ауыл шаруашылық съезіне қатысушылардың әскери-губернаторға жолдаған хатындағы мына бір жолдар да айғақтай түседі: “Қазіргі уақытта, өкінішке орай қазақтардың басым көпшілігінің кедейленгені сонша, олардың бір орыннан екінші орынға көшіп-

конуға қуаты жоқ. Сондықтан да ондай қазақ қожалықтары отырықшылыққа бір жола көшті”⁴⁷.

Жергілікті отарлық билік орындары қазақтарды отырықшыландыру шарасына олардың жерін тонаудың жаңа бір тәсілі деп қарады. Бірақ, сонымен бір уақытта қазақтардың ешқандай кедергісіз отырықшы тұрмысқа өтуіне түрлі тосқауылдар қойылды. Көп жағдайда жергілікті билік орындарынан отырықшылыққа өту үшін арнайы жер бөліп берулерін сұраған қазақтардың өтініштері жауапсыз қалдырылды. Мәселен, Лепсі уезінің Мақаншы-Шілікті болысындағы қазақтар атынан Мирсейіт Елебаевтың, сол уездегі Мақаншы-Садыр болыстағы қазақтарының, Қапал уезі Көлдей-Жұмас болыстығындағы 52 үй иелері атынан жазған Досымбек Телғозинев пен Еренші Райымбековтердің өздері орналасқан жерлерге поселке құрып, отырықшы тұрмысқа өтуге рұқсат сұрап жазған өтініштері түрлі негізсіз себептермен қанағаттандырылмай, кейінге қалдырылып отырған⁴⁸. Себебі, отырықшылыққа көшуге тілек білдірушілер өтініштерінде өздері бұрыннан тұрып келе жатқан жерлерінің бір бөлігін орыс шаруалары сияқты поселке құрып орналасу үшін сұраған болатын. Ал бұл жерлер ең құнарлы, суландыру жүйелері жүргізілген жерлер болғандықтан орыс әкімшілігі оларды қазақтарға бергісі келмеді. Көп жағдайда қазақтар өтініштеріне жергілікті билік орындары “ретіне қарай шешіледі” деп жауап берумен шектелді.

Қазақтарды жерге орналастыруда қоныс аудару мекемесінің шенеуніктері отырықшы тұрмысты насихаттап: “сендерге бөлініп берілген жерлер өздерің пайдаланып отырған жерлеріңнен аз болуы мүмкін, алайда ол жерлерді сендерден ешкім ешуақытта алып қоя алмайды. Бұған толық сенулеріңе болады,”-деп уәде етті. Қазақтар шенеуніктер сөзіне иланарын немесе иланбасын білместен олар белгілеп берген учаскелерге орналаса бастайды. Учаскелердің пәлен жерден берілгендігі туралы уақытша комиссиялар арнайы қаулы шығарып бекітеді. Қаулы заңдақ күшіне енеді. Алайда көп ұзамай, қазақтар орналасқан жерге орман шаруашылығы қызметкерлері келіп “бұл жерде орман саяжайлары құрылуы қажет” деп, уақытша комиссия қаулысын мойындамайтындығын мәлімдейді. “Екі ортада шыбын өлетіннің” кебін киген қазақтар қоныстандыру мекемелері қызметкерлерінің жауапсыз тірлігінен жерсіз қаңғырып қалады⁴⁹. Ал отаршыл әкімшілік болса жерінен айырылған қазақтардың тағдырын ойлап басын ауыртқысы келмеді.

Патша өкіметі шенеуніктерінің пайымдаулары бойынша көшпенділерден жер қанша көп тартылып алынса, сонша көп көлемде олар отырықшы тұрмысқа

өтулері тиіс болатын. Ал іс жүзінде қалыптасқан жағдай әкімшілік орындарының бұл ойының негіссіз екендігін көрсетті.

Сол тұста қазақтардың жерге орналасуына кедергі болған жағдайлардың бірі отырықшы тұрмысқа өткен қазақтар иелігіне тиген жерінің көлеміне қарай емес, әрбір түтін басына міндетті түрде салық төлеулеріне байланысты болды. Бұл жағдай, әрине бұрын ұлан байтақ жерде мал бағып, еркін жүрген қазақтарға, енді аз ғана жер алып, өзіне қыры мен сыры белгісіз кәсіппен айналысып, бұрынғыдай мөлшерде салық төлеу өте ауыр тиді.

Осылайша, патша өкіметі бір жағынан, қазақтарға жер бөліп беріп жарылқаймыз, егіншілікпен айналысуға жағдай жасаймыз деп жар салса, екінші жағынан, қоныс аударушылар үшін ең құнарлы жерлерді, дайын су жүйелерін тартып алып, ең сонында қазақтардың жер бөліп беру жөнінде өтініп жазған хаттарын жауыпсыз қалдырып отырды. Нәтижесінде патшалық Ресей әкімшілігі қазақтарды шөл далаға, тау-тасты, сортаң жерлерге ығыстырып, өзінің отарлаушыға тән озбыр пиғылын іске асырды.

Орыс шаруаларының Жетісу өңіріне қоныс аудара бастаған 1832 жылдан 1914 жылға дейінгі аралықта мұнда 191 орыс поселкалары пайда болды, оларда 169.322 адам тұрды⁵⁰. 1916 жылғы мәлімет бойынша Түркістан өлкесінде құрылған 941 орыс поселкелері мен станицалары қарамағында 1 900 000 десятина жер немесе өңделген жерлердің 57.6% болды. Басқа сөзбен айтқанда, Түркістанда өмір сүрген әрбір орыс нәсіліндегі адамға 3.17 десятина, ал жергілікті тұрғындар иелігіне 0.21 десятинадан өңделген жерден келді. Яғни өз жерінде өмір сүрген халықтардың пайдалануындағы егіншілікке жарамды жері келімсектерге берілген жерден 15 есе кем болды. Осылайша өлкедегі халықтардың 94%-ын құрайтын жергілікті халық шаруашылыққа жарамды жерлердің 42.4%-ын ғана иеленді. Мұндай қорытындыны Түркістандағы жер мәселесі бойынша маман Мырзағазы Есболұлы да жасаған. Оның есебі бойынша 1916 жылға дейін Жетісу облысында жергілікті тұрғындар қарамағынан “казак-орыстарға 667 мың десятина, қалаларға 3700 мың десятина, ескілік келімсектерге 232 мың десятина, жаңа келімсектерге 1277 мың десятина, қазынаға 1750 мың десятина” жер алынған⁵¹.

Жетісу өңіріне қоныс аударып келген орыс шаруалары кеңестік ғылыми әдебиетте “жерді игеріп, егін егетін диқандар”, ”алдыңғы қатарлы егіншілік мәдениетін әкелушілер” ретінде дәріптелді. Алайда, патша өкіметінің қоныстандыру саясаты тың жерді игеру бағытында емес, керісінше, байырғы

тұрғындар егін егіп, мал бағып, су жүйелерін жүргізіп игерген құнарлы жерлерді келімсектерге тартып алып беру арқылы жүргізілді.

Патша өкіметінің қоныс аудару саясаты нәтижесінде “өлкеге келген орыс шаруаларынан қазақтар егін салуды, шөп шабуды үйренді, отырықшылық пайда болды, өлкедегі өндіріс күштерінің дамуы жеделдеді” деген кеңестік әдебиеттегі бір жақты тұжырым тарихи шындыққа толық қабыса бермейді. Керісінше, қоныстандыру шаралары қазақ қоғамы экономикасының эволюциялық дамуына түрлі кедергілер тудырды.

Жетісу облысына алғашқылар болып келген казактар да, отарлық билік орындары егіншілік мәдениетін дамытады деп сенген орыс шаруалары да өлкеге айтарлықтай жаңа шаруашылық жүргізу тәсілін алып келе алмады. Казактар болса 1906 жылы өздеріне берілген жердің тек 15%-ға дейінгі бөлігін ғана игеріп, қалған жерлерді игермеді немесе қазақтарға жалға берді. Ал енді орыс шаруаларына келсек, олар казактардан ұзап кете алмады. ХХ ғасырдың басында ұйғырлар мен дүнгендер әрбір десятина жерден орта есеппен 75 сом 40 тиыннан пайда түсіріп жатқанда, орыс шаруаларының пайдасы әрбір десятинадан 19 сом 29 тиыннан аспады⁵². Мұның себебін К.К. Пален орыс шаруаларының жерді тағылық тәсілмен игерумен байланыстырады⁵³. Г. Сафаров орыс шаруаларының өлкеге алып келген “егіншілік мәдениеті туралы былай дейді: “Орыс қонысаударушысы Түркістанға жоғары егіншілік мәдениетін алып келді деп ойлау қателік. Әсте, өйтіп ойлауға болмайды. Өйткені, орыс шаруасы мұнда жыртқыш секілді келіп, қолына түскенді тек қана тұтынумен болды”⁵⁴.

Жетісу өңіріне келген қоныс аударушылар өздеріне үкімет тарапынан берілген артықшылықтарды емін еркін пайдаланды. Келімсектер тіпті, отарлық билік орындары тартып әперген жерлерге де жан ашырлықпен қарамады, жердің құнарлығын арттыру жолында ештеңе істемеді. Түркістанда тексеру жүргізген сенатор К.К. Пален қоныс аударушылар өздеріне тиесілі жерді жүдетіп жібергендігін, жерге ешқандай тыңайтқыштар ендірмей отырғандығын, олардан неге тыңайтқыштар қолданбайсындар деп сұрағанда біреулері “ол үшін тезек даярлау керек, ал ол үшін көп жұмыс қажет”- деп өздерінің ерінетіндігін айтса, екінші біреулері үй жанында ондай тыңайтқыш түрі үйіліп жатса да, “бізде тезек жоқ”-деп жауап беретіндігін, алайда, осы поселкелерге жақын орналасқан неміс менониттері өмір сүретін елді мекендерде жағдай тіптен бөлек екендігін, мұндағы немістер үкімет тарапынан ешқандай көмек алмаса да, шаруашылығының өнімділігін арттырып отырғандығын, тіпті ертеден егінмен айналысатын орыс

шаруашылығына қарағанда көшпенділердің егіншілігі алдыңғы сатыда тұратындығын ашына жазған⁵⁵.

Сол кезде "Туркестанские ведомости" газеті "ауыл шаруашылығын жүргізу жағынан жергілікті халық біздің орыстарға қарағанда әлде қайда жоғары тұрды", "олар жергілікті халықтан суғару жүйелерін жүргізуді, арықтар қазуды үйренді", ал "ауыл шаруашылығы жімыстарын жүргізу ісінде қырғыздарды жалдауда" деп көрсеткен болатын⁵⁶.

Әкімшілік орындарының қоныстанушылар пайдасына қазақтар иелігіндегі жерлерді кесіп алуына наразылық таныту Жетісу өңірінде барған сайын өрістей түскен-ді. "1899 жылдан кейін қазақтар мен орыстар арасындағы этникалық жанжалдар (қақтығыстар) даладағы өмірдің сипатты белгісіне айналды" деп Т. Рысқұлов өте дұрыс жазған еді⁵⁷. Мұны Т. Седельниковтың қазақтардың қоныс аударушылармен қақтығыстары ХІХ ғасырдың соңында жиілене түскендігі, аграрлық толқулар негізінде бірқатар облыстарда, соның ішінде Жетісу облысында күшейтілген күзет жұмыс істегені туралы келтірген мәліметтері де растай түссе керек⁵⁸.

Жетісу өңірінде аграрлық толқулар қоныс аудару мекемесінің шенеуніктерінің жер кесу жұмыстарына жол бермеу, "артық" деп табылған жерлерді тастап кетпеу, өздерінің бұрынғы жерлеріне егін егіп отырған орыс шаруаларының егістігін жылқы табанымен таптатып өту, қоныстанушылармен қақтығысу түрінде көрініс беріп жатты.

Мәселен, 1907 жылы тамызда Верный уезі Ырғайты болыстығының қазақтары қоныс аудару мекемесінің жер кесу үшін жіберген топографтарының жұмысын тоқтатып тастап, оларға Бесмойнақ шатқалында жер кесу жұмыстарын жүргізуге тиым салған. Осындай әрекетке барғаны үшін Ырғайты болысының Шоқай Дайырбеков, Жамбасбай Алашев, Оңбала Әжікұлова, Саида Қолдабаева, Мысбала Балықбаева және Кәнеш Байсеркина деген тұрғындары қылмысты деп танылып, сотқа тартылған⁵⁹.

Верный уезі Мойынқұм болысында 1909 жылы қоныс аудару мекемесінің жер кесу жұмыстарына наразы болған ру ақсақалдары бірлесіп, Мемлекеттік думаға жер мәселесі бойынша шағым түсірудің жолдарын қарастырған. Осы іс-шараны ұйымдастырушылар ретінде анықталған 26 ру ақсақалдары да сотқа тартылды. Әскери-губернатор Фольбаум енді қайтып мұндай әрекетке баратын болса оларды 5 жыл мерзімге жер аудару керектігін қатаң ескертті⁶⁰.

Әскери-губернатордың мұндай ескертуіне қарамастан осы жылдың күзінде Мойынқұм болысының қазақтары қоныстандыру мекемесінің жер

кесушілерін, топографтарын қарулы күзетіне қарамастан ұрып-соққан. Осындай әрекетке барғаны үшін Сикымбай Жанғазин, Көлбай Байсабин, Жамбай Байсабин және Нұрбай Берегезовтер ісі Түркістан өлкелік әскери сотына тапсырылады⁶¹.

Жетісу өңірінде жер мәселесінің шиеленісуінен туындаған қақтығыстар жыл өткен сайын жиілей түсті. Отарлық билік орындары қазақтар арасындағы аграрлық толқуларды басуда әскери-полициялық аппаратқа ғана емес, өзінің әлеуметтік-саяси тірегіне айнала бастаған орыс шаруаларына да сенім артты. Осылайша Жетісу өңірінде отарлаудың өктем, тұрпайы күшке сүйенген әдісі үстем алып жатты. Отарлық билік орындары Ресей мен қазақ қоғамы арасындағы, қатынаста бағындырушы мен бағынушы арасындағы байланысты ғана көрді.

Рухани мәдениеттегі өзгерістер

Патша өкіметі отар аймақтардағы мәдени және рухани өмірді қатаң бақылауға алып, оны өз уысынан шығармауға тырысып бақты, отар елдің мемлекеттік рухын қалайда жою ниетінде оның ұлттық санасын тұмшалап, тілінен, дінінен, дәстүр-салтынан айыруға тиіс болған шараларды жоспарлап, іске асырды. Міне осы мақсатта алдымен жергілікті халықты шоқындыруға, сөйтіп оны орыстармен араластырып жіберуге аса үлкен мән берді.

Түркістан өлкесіндегі оқу-ағарту ісін өркендетуге зор үлес қосушы ретінде дәріптелген Н.П. Остроумов 1886 жылы көшпелі халықтардың христиан діні мен мәдениетін қабылдау қабілеті төңірегінде ой қозғап, миссионерлердің назарын қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне бұру ниетімен былай деп жазды: “Ресей боданы азиялық көшпенділердің адамгершілік, мәдени жағынан өрлеуі және православиялық орыс халқымен бірігуі үшін христиандықты қабылдаудан басқа жол жоқ. Мұнсыз азиялық көшпенділер төменгі даму деңгейінде қалып, мемлекеттің табиғи дамуын тежеп, оның болашақтағы саяси біртұтастығы мен құдыреттілігіне қауіп төндіреді”⁶².

Отарлық билік орындарының шенеуніктері отар аймақ халқының рухани болмысына терең бойлап ену үшін миссионер ғалымдардың алдына ол халықтың дінін, тілін, әдебиетін, фольклорын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тарихын, психологиялық ерекшеліктерін жан-жақты терең зерттеу міндетін қойды. “Шығыстану қоғамының міндеті, - деп жазды. 1881 жылы Түркістан әскери округы қолбасшысының орынбасары Мациевский Ташкентте жұмысқа кірісе бастаған Шығыстану қоғамының мүшелеріне, - Шығысты зерттеу емес, Шығыс халықтарын орыстандыру”⁶³.

Христиан дінін қазақтар арасында насихаттау ісі өлкеде миссионерлік қоғамның бөлімшелері ашылған соң кең өріс ала бастайды. 1899 жылы 28 мамырда Мәскеу митрополиті Владимирдің ұсынысы бойынша Түркістан епископы өлкеде “Православиялық миссионерлік қоғамның бөлімшелерін ашуды қолға алды”⁶⁴. Соның нәтижесінде 1901 жылы 11 қарашада Верный қаласында ресми түрде епархиялық комитет құрылып, оның құрамына қаланың бас көтерер шенеуніктері мен әскери адамдары, көпестер енді⁶⁵.

Отаршыл билік орындары христиан дінінің жағдайын нығайта түсу мақсатында шіркеу, монастыр салу үшін жер және қаржы бөліп отырды. Сонымен бірге христиан дінін қабылдағандарға түрлі артықшылықтар жасап, оларға қолдау көрсететіндігін де танынытты. Православие дініне өткендерге жәрдем ақша бөлініп отырды. Патша үкіметі жәрдем ақшаның мөлшерін белгілеуді жергілікті әкімшілік орындарының өз еркіне берді⁶⁶.

Орыстандыру, шоқындыру ісі жер мәселесімен де тығыз байланыстырылды. Мәселен, генерал-губернатор Колпаковский қоныс аударған орыс шаруаларын қазақтар арасына село етіп қоныстандыруға көп көңіл аударды. Христиан дінін қабылдағандарға қоныс аударушыларға берілетін түрлі жеңілдіктерді де жасауға тырысты. Бұл жөнінде орталыққа ұсыныстар да жасалынды⁶⁷.

Патша өкіметінің өлкеде шоқындыру, орыстандыру саясатының іске асуы барысы жайын Қ. Кеменгерұлы “Қазақ тарихы” атты еңбегінде былайша көрсеткен-ді: “қазақты шоқындыру саясаты туды. Мұны орындау үшін ел арасына миссионерлер шыға бастады. Бұлардың ісі ұлттыққа зияндығы сезіле бастаған соң, қазақтар қарсы құрал қылып, исламға өте бейімделді. Дүниеге қызығып шоқынған орыс қалаларындағы қазақ жұмыскерлерден, ашаршылық жылдарда өлім халіне жеткендерден, рудан пана таба алмай тығылған ғашық жарлардан бірен-саран шоқынғандар болды”⁶⁸.

Жетісу облысындағы әкімшілік орындарының қолдауына сүйенген миссионерлердің шоқындыру жолындағы әрекеті нәтижесінде 1897 жылы қазақтардан 75, татарлардан 32, ұйғырлардан 3 адам христиандықты қабылдаған⁶⁹.

Отарлық билік орындары орыстандыру саясатын халық-ағарту ісімен де ұштастырды. Ресей империясының үстемдігі Жетісу өңіріне орнаған бетте мұнда орыс тұрғындарына арналған оқу орындары ашылып, қызмет ете бастаған-ды. Жетісу өңірінде ең алғашқы орыс оқу орыны қазақтар қоныстанған Сергиполь станицасында 1852 жылы ашылған еді. Отаршыл

әкімшілік жүйенің қолдауымен Жетісуда ашылған орыс оқу орындары приход училищесі, алты станицалық мектеп (Кіші Алматы, Сергиполь, Ұржар, Лепсі, София, Қапал станицаларында) және бір поселкелік мектеп болды⁷⁰.

Түркістан генерал-губернаторлығымен бірге оның құрамында Жетісу облысы құрылған соң өлкедегі орыс оқу орындарын басқару жергілікті әкімшілік қолына өтті. Бірақ өлкедегі оқу орындарын арнайы басқарып Халық ағарту министрлігіне тікелей бағынатын арнайы әкімшілік аппарат 1876 жылға дейін болмады. Мұндай кешеуілдеу негізінен жаңа отар аймақты әскери-әкімшілік жағынан басқаруды игеріп алудың бірінші кезекке қойылуына байланысты еді. Сондықтан да бастапқы кезеңде Түркістан өлкесіндегі халық-ағарту мәселесімен генерал-губернатордың өзіне тікелей айналасуға тура келді. 1867 жылы 25 қазанда Түркістан генерал-губернаторы Кауфман өлкедегі әскери-губернаторға халық-ағарту ісін қолға алу жөнінде нақты нұсқаулар жөнелтті. Оның Жетісу облыстық әскери-губернаторы Колпаковскийге жолдаған нұсқау хатында: “Халық ағарту ісіне империялық мүдде тұрғысынан қарап, облыста приход мектептерінің санын көбейту жолында қолдан келген шараның бәрін жасаңыз. Приход мектептерін ашуда әкімшіліктегі қаражаттан басқа, облыстағы қоғамдар мен жеке адамдардан да қаржы тартылсын. Мектептер орыс елді мекендері мен қоныстарында ашылуы тиіс,”-делініп, оқу ісіне облыстық деңгейде әскери-губернатор, уездік деңгейде уезд бастықтары жетекшілік ететіндігі айтылған еді⁷¹.

Мемлекеттік қазынадан бөлінген қаржы бастапқы кезде казак станицалары мен орыс поселкелеріндегі тұрғындардың балаларын оқытуға жұмсалды. Жергілікті қазақ-қырғыз балаларын оқытуға қазынадан қаржы бөлу көзделмеді. Оның үстіне сол кезде жергілікті халық орыс мектептеріне сенімсіздікпен қарап, балаларын оған бермейтін. Сондықтан да әкімшілік орындары жергілікті халықтар арасында халық-ағарту ісін дамытуға қаржы бөлудің қажеті жоқ деп есептеді.

Дегенмен, жергілікті халық балаларының орыс оқу орындарында оқымауы Түркістан генерал-губернаторы Кауфманды алаңдатқан-ды. Оның пікірінше, жергілікті халық балаларының орыс мектептерінде оқуы империяның тұтастығын қамтамасыз етіп, олардың орыстық рухта тәрбиеленуіне жол аша түсетін. Соған орай Кауфман Жетісу облысы генерал губернаторына: “мектептерде православиялық діні нанымындағы балалармен бірге мұсылман балалары оқымауда. Халық-ағарту ісіндегі мұндай бағыт тіптен дұрыс емес. Орыс мұсылмандарын оқыту ісінде олардың православие дінінде

қабылдамағандығы кедергі болмауы тиіс. Біздің міндетіміз православие дініндегілерді де, мұсылмандарды да Ресейге пайдалы азамат ретінде қалыптастыру⁷² - деп жазған болатын.

Осыған байланысты генерал-лейтенант Колпаковский облыстағы уез бастықтарына қазақ балаларын приход училищелеріне тартуды көздейтін шаралар қолдану жөнінде тапсырма береді. Ол сонымен бірге қазақтардың көшпелі тұрмыс кешетіндігін ескере отырып, уез орталықтарында қазақ балалары үшін жатып оқитын арнайы пансион үйін салу жөнінде ұсыныс енгізеді. Бірақ уездегі приход училищелеріне қазақ балаларын тарту табысты жүре қоймайды. Мұны Қапал уезінің бастығы полковник Рейнтальдың 1876 жылы 19 қаңтарда генерал-губернаторға берген мәлімдемесінен аңғаруға болады. Мәлімдемеде Қапалдағы приход училищесіне қазақ балаларын оқыту мақсатында пансион ашылғанымен, оған 15 ғана қазақ баласын тарту мүмкін болғандығын хабарлаған⁷³.

1876 жылы мамырда орталық билік орындарының ұйғарымы бойынша Түркістан өлкесіндегі оқу орындары Халық ағарту министрлігі қарамағына өтті. Мұның артынша осы жылы 1 шілдеде Халық ағарту министрлігіне тікелей бағынатын Түркістан өлкесі оқу орындарының Бас басқармасы құрылды. Өлкедегі оқу орындары басқару генерал-губернатор жанындағы Бас оқу инспекторына жүктелді. Бірақ арада көп уақыт өтпей 1879 жылы маусымда Халық ағарту министрлігі Түркістан өлкесіндегі халық училищелерінің инспекторлары туралы ережені бекітті. Бұл ережеге сәйкес өлкедегі оқу орындар үш аудандық инспекцияға бөлініп, әрқайсысы жеке аудандық халық училищелері инспекторы қарауында болатын болды. Аудандық халық училищелерінің инспекторлары өз кезегінде өлкелік бас оқу инспекторына бағынатын. Ереже бойынша Жетісу облысы бірінші аудандық инспекцияға қарап, аудандық халық училищелерінің инспекторы Верный қаласында, яғни облыс орталығында орналасатын болды⁷⁴.

Жетісу облысында 1879 жылы приход училищелерін және станицалық, поселкелік мектептерді қайта ұйымдастыру жүрді. Соның нәтижесінде приход училищелері Халық ағарту министрлігінің 1872 жылы ережесіне сәйкес қалалық училищелер болып қайта құрылды. 1879 жылғы 1 маусымнан бастап станицалық және поселкелік мектептер 1828 жылғы Уставқа негізделген приход училищелері деп аталатын болды⁷⁵.

Патша өкіметінің шеткері аймақтарындағы орыс тұрғындарына арналған оқу орындарының жүйесі Жетісу облысында 1876 жылдан бастап орта дәрежелі білім беретін мектептердің ашылуымен ерекшелене түсті. Мұндай орта білім

беретін оқу орындар-гимназиялар Жетісу облысында 1876 жылдан бастап бой көтере бастаған еді. Жетісудағы ең алғашқы гимназия 1876 жылы 1 шілдеде Верный қаласында төрт кластық прогимназия түрінде ашылып, 1879 жылдан 6 кластық прогимназия, кейінен 1881 жылдан бастап 8 кластық гимназия болып қайта құрылған еді.

Жетісу облысында бұдан өзге қыз балаларға орта білім беретін гимназия да болды. Ол Верный қаласында 1877 жылы 1 наурызда үш кластық прогимназия болып құрылып, 1879 жылдан бастап жеті кластық гимназия ретінде қызмет ете бастады.

Патша өкіметі қазақ халқы арасында гимназиялық орта білім тарату белгілі дәрежеде империялық мүддеге сай келеді деп те есептеді. Бұл жөнінде Верныйдағы ер балалар гимназиясының директоры сол тарих кезеңде өз пікірін былайша білдірген еді: “Гимназия оқу жоспарын және оқытушылардың саны мен сапасын жақсы жолға қойған оқу орны болғандықтан қазақтарға орыс тілі, арифметика, орыс тарихы және жағрафия секілді т.б. пәндерден нақтылы білім бере алады. Мұндай деңгейдегі білімді басқа бірде-бір орыс мектебі бере алмайды. Гимназияда оқылатын пәндер және оқыту әдісі қазақ оқушыларының бойына орыс адамына құрметпен қарайтын сезімді ұялатады. Қазақ оқушылары осындай орындарда алған білімінің тәжірбиесі арқылы орыстар тек билеушілер ғана емес, сонымен бірге жоғары сауатты адамдар екендігін ұғынады”⁷⁶.

Жергілікті халық балаларын оқыту үшін патша өкіметі орыс-түзем мектептерін ашуды қолға алған-ды. Жетісу жерінде орыс-түзем мектептерінің ашылуы орталық билік орындарының орыстандыру саясатымен үндесіп, соны жүзеге асыру шаралары ретінде көрініс береді.

Түркістан өлкесінде орыс-түзем мектептері XIX ғасырдың соңына қарай ашыла бастады. Орыс-түзем мектептерінің меңгерушілеріне арналып “күпия” түрде берілген нұсқауда: “Орыстармен жергілікті тұрғындарды біріктіріп жіберу үшін орыс тілін түземдіктерге үйретуге үлкен көңіл бөлінсін. Бұл мемлекеттік мәні бар шара. Сондықтан бұратаналарды орыстардан оқшаулайтын нәрселердің бәрін орыс-түзем мектептері басшылары барынша меңгеруі тиіс. Бұл үшін мыналарды орындауды ұсынады: түземдіктердің сеніміне кіру үшін ұстамды болу; сырттай болса да олардың діні мен салт-дәстүріне құрмет көрсету, себебі олар бізге балаларын сеніп тапсыруы қажет. Шама-шарқыларың келгенше бұратаналардың тілін және әдет-ғұрпын үйренгендерің абзал. Мұндай қасиет орыс мұғалімдері мен оқыған түземдіктер арасында байланыстар орнауына ықпалын тигізеді”⁷⁷.

Мұсылман дін өкілдері имамдар мен молдалар орыс түзем мектептерін шоқындырудың бірден-бір көзі санап, мұсылман балаларын мұндай оқу орындарға бермеуге шақырды⁷⁸. Олардың сөзіне ерген, әрі мұсылмандық дәстүр ғасырлар бойы қалыптасып, етіне сіңген халық орыс-түзем мектептеріне балаларын беруден бас тарта бастады. Соның нәтижесінде 1902 жылы Қапал уезіндегі үш орыс-түзем мектебінде 57, Жаркент уезіндегі 4 орыс-түзем мектебінде 158, Верный уезіндегі 4 орыс-түзем мектебінде 270 оқушы ғана білім алатын болған⁷⁹.

Мұның өзі патша өкіметі орыстандыру құралы ретінде қараған орыс-түзем мектептерінің алдына қойылған міндеттің орындалмай жатқандығын аңғартатын. Сондықтан да орыс-түзем мектептерінің сәтсіз жұмысының астарын іздестіруді бастаған жергілікті әкімшілік орындары оны өлкеде мұсылмандық білім беру орындарының кең тарауымен байланыстырды.

Жетісу өңіріне патшалық Ресей үстемдігі орнағанға дейінгі кезеңде басқа жерлердегі секілді, мұнда да халық ағарту саласының негізгі буынын мұсылмандық оқу орындары құрайтын. Мұрағат құжаттарының көрсетуіне қарағанда 1840 жылдары-ақ Жетісу өңірінде мұсылмандық білім беру жүйесі халыққа нақтылы қызмет жасап жатқан⁸⁰. Соның нәтижесінде ХХ ғасыр басында бір ғана Лепсі уезіндегі әрбір мың ер адамнан 63-і мұсылманша сауатты болған, ал Қапал уезінде мұсылманша білім алғандардың саны 6265 адам болған⁸¹. Жетісу облыстық әскери-губернаторына 1886 жылы келіп түскен толық емес материалдарға қарағанда облыста 7909 бала (6157 ұл, 1752 қыз) мұсылмандық білім алып жатқан. Бұл балаларға мұсылмандардың білім беру жолында 361 молда қызмет еткен⁸².

Мұсылмандық білім берудің қазақ жерінде қалыптасуы мен дамуы ислам дінінің таралуына байланысты екені белгілі. Қазақ жерін отарлаудың алғашқы кезеңінде патша өкіметі жергілікті халықтың “дініне төзімділік” таныту бағытын ұстанды. Ол негізінен жергілікті феодалдық топ өкілдерінің сеніміне ие болып, отарлық саясатты онан әрі тереңдете жүргізу мақсатында жасалған айла-әрекет болатын. Мұны қазақ даласында ислам дінінің жалпы жағдайымен шұғылданған шенеуніктердің әкімшілік орындарына беріп отырған мәліметтерінен аңғаруға болады. Осындай мәліметтердің бірінде: “Біздің даладағы үстемдігіміздің бастапқы кезеңіндегі саяси мүддеміз қырғыздарға және бүкіл Орта Азияда олардың дініне қол сұғылмайтындығы жөнінде сенім қалыптастыруды талап етті. Ол өз жағымызға хандар мен сұлтандарды және даладағы ықпалды адамдарды тартуға тікелей байланысты болды”⁸³ - деп көрсетілген.

Патша өкіметі отарлау процесі барысында православиалық Ресейге қарсы ислам дінінің қорғаныс-ұйтқылық, рухани қарсылық ұйымдастырушы күш міндетін атқаратынын жақсы түсінді. Сондықтан ислам дінінің түркі халықтарының өміріндегі ықпалын әлсіретіп, соңынан оны жоюға үлкен ынта қойды. Ислам дінін патша өкіметі өзінің саяси міндеттерінің жүзеге асыру жолындағы негізгі кедергі ретінде бағалады. Шеткері аймақтардағы халықтарлды орыстандару жолындағы патша өкіметінің сойылын соғушылардын айла-әрекеттерінің бірі-мұсылман халықтарын ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб графикасы негізіндегі жазуын қолданудан шығару болды. Араб жазуын мұсылман халықтарының қолдануын қалайда ығыстырып, оның орнына кириллицаны енгізуді жүзеге асырып қалуда Н.И. Ильминский, Н.П. Остроумов секілді миссионер ғалымдар белсенділік танытып жатты. Н.И. Ильминскийдің пікірінше, әліпби қай уақытта да дінмен бірге қабылданған, мәселен, Батыс Еуропа латын әліпбиін латын шіркеуі, орыстар грек әліпбиін славян шіркеуі арқылы қабылдаған. Татарлар, қазақтар және т.б. түркі халықтары өзге мұсылман елдері тәрізді араб жазуына ислам дінінің таралуына байланысты көшкен. Араб жазуы-оларды ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал. Сондықтан, оның ойынша, түркі халықтарының жазуына орыс әліпбиін енгізу арқылы “екі қоянды бір оқпен өлтіруге болады”. Біріншіден, оларды мұсылман дінінен айыруға, екіншіден, біртіндеп православиеге көшіруге болады⁸⁴.

Миссионер ғалымдардың тікелей араласуымен Халық ағарту министрлігі 1870 жылғы 16 наурыздағы ережеге сәйкес оқу-ағарту ісін мұсылман халықтарын рухани езгіге түсіру арнасына бұрған еді. Бұл ереже бойынша мұсылмандық оқу орындарында орыс тілін оқыту міндетті болды. Отаршыл әкімшілік сауаттылықтың өлшемі орыс тілінде оқу және жазу деген көзқарасты қалыптастырды. Ал түркі тілдес мұсылман халықтардың өз жазуы сауаттылық өлшемі болмады. Мектеп, медреселер ашуға орыс тілі мұғалімдері болған жағдайда ғана рұқсат берілді. Түркияда, Бұхарада және басқа да Шығыс елдерінде білім алып қайтқандарға империя көлеміндегі мектеп, медреселерде ұстаздық етуге тиым салынды. Сонымен бірге мұсылмандық оқу орындарында балаларын оқытқысы келгендердің бәрінің оқу орны бастықтарынан бұл үшін берілген үлгіде рұқсат алған куәлігі болуға тиіс еді. Мұндай куәлік үшін 50 тиыннан алым алынатын. Оқытуға рұқсат беретін куәлік алудан бас тартып, балаларын мектептер мен медреселерге өз бетімен берген адамдарға бірінші жолы 10 сом, екінші жолы 30 сом айып төлеттіретін, ал үшінші ретте ондай адамдар 5 тәуліктен 15

тәулікке дейін абақтыға жабылып, одан әрі балаларын мұсылман оқу орындарына оқытуына тиым салынатын⁸⁵.

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы фон Кауфман мұсылмандық оқу орындарға “араласпау саясатын” ұстанған-ды. Оның пікірінше, жергілікті мұсылмандық оқу орындарының ісіне араласпау, яғни олардың бақылаусыз болуы күйреуге әкеліп соқпақ, мұсылмандық оқу орындарын орыс-түзем мектептері күнделікті өмірден бейбіт түрде ығыстырып шықпақ. Алайда, Жетісу облысында орыс-түзем мектептері мұсылмандық оқу орындарды ығыстыра алмады.

Қазақ ауылдарында негізінен мұсылмандық білімді таратушылар татар молдалары болды. Жергілікті әкімшілік орындары мұндай молдаларды көшпелі молдалар деп атады. 1882 жылы толық емес мәліметтерге қарағанда Жетісу облысында 281 көшпелі молда болып, олардан 4608 қазақ-қырғыз балалары білім алған⁸⁶.

Жетісу облысындағы мұсылмандық оқу орындар бастапқы кезде мектептерден тұрды. Мектептер мұсылмандық білім берудің төменгі сатысын, яғни бастауыш білім беру жүйесін құрайтын.

Патша өкіметінің жалдамалы жандайшаптары бүкіл империяны мекендеген ұлттар мен ұлыстардың патша өкіметінің саясатына наразылығын ауыздықтауда сан қилы әрекеттер жасап, оның ішінде халықтар арасында алауыздық туғызу саясатын жүргізіп, бір-біріне айдап салып, олардың бірігіп күш қосуына тосқауыл жасауға тырысты. Бұл істе билік орындары алдымен қазақтарды татарлардың рухани әсерінен бөлектеп ұстауды, араластырмауды мақсат етіп қойды. Сондықтан мұсылман балаларының бір мектепте оқуына қарсы болып, әрбір мұсылман халқы балаларының бөлек оқуын жіті қадағалап отырды. Осылайша 1876 жылы Жетісу облыстық оқу ісі меңгерушісі Верныйда татар мектебінде оқып жатқан қазақ балаларын мектептен қуып жіберіп, олардың бұл мектепке қайтып келуіне тиым салды⁸⁷. Жетісу облыстық оқу инспекторының бұл әрекеті ешқандай заңдық негізге және ережелерге сай келмейтін. Ешқандай да оқу ережесінде мұсылмандық оқу орындарында мұсылман халықтарының балалары бөлек оқысын деп көрсетілмеген еді. Сондықтан Жетісу облыстық оқу ісі меңгерушісінің әрекетін “Бөліп алда, билей бер” саясатының нақты көрінісі ретінде бағалауға болады.

Жетісу облыстық оқу ісі меңгерушісінің әрекеті облыстағы басқа уездерде де көрініс тапты. Мәселен, Қапал уезі бастығының 1879 жылы 14 мамырда

Жетісу облыстық әскери-губернаторға жолдаған мәлімдемесінде: “Қапал қаласында екі мұсылман мектебі бар. Оның біреуі бұдан отыз жыл бұрын ашылған. Мұсылман мектептеріндегі балаларды оқыту әдістерімен танысу мақсатымен мен жуырда осы аталған екі мектепте болдым. Осы танысу кезінде уездегі көршілес болыстардың қырғыз балалары да мектепте оқып жатқанын көрдім. Бұл қырғыз балаларының сауаттылыққа деген құштарлығын аңғартса керек. Бірақ мұсылман мектептерінде орыстарға қарсы рух беретін құранның оқытылатынын ескеріп, қырғыз балаларын мектептен шығарып жібердім және олардың мұнда оқуына тиым салдым. Мен сіздің құзырыңызға осы әрекетімді хабарлай отырып, мұны жоғары әкімшіліктің мүддесіне сай келетіндігіне көз жеткізу үшін уез бастықтарын мұсылман мектептеріне қандай қатыста болу керектігін көрсететін нұсқаулармен қамтамасыз етуіңізді сұраймын”⁸⁸, - деп көрсетілген.

Осыдан кейін, көп ұзамай 1879 жылы 30 мамырда Жетісу облыстық әскери-губернаторы уез бастықтарына құпия түрде мынадай мазмұндағы нұсқау жолдады: “Барлық мұсылман мектептерінде құран оқытылады. Оның ілімі негізінде оқушылар бойына орыстарды жек көрсететін сенім қалыптасады. Мұхаммед Пайғамбардың ілімі өлкені басқарудағы орыс үкіметінің мүддесіне сай келмейді. Мұндай мектептерде оқып шыққан қырғыз балалары жақын арада даладағы мұсылман миссионерлеріне айналуы ықтимал. Сондықтан да уез және қала басшыларына қырғыз балаларының мұсылман мектептерінде оқуын жиі қадағалауды ұсынамын”⁸⁹.

Мұсылман мектептеріне жергілікті әкімшілік орындары Түркістан халықтарын діні негізде біріктіретін рухани күш ретінде қарап, оған тежеу салу жолында әрекеттерге көшті. Мұсылмандық факторға үлкен қауіппен қарап, оның отаршылдық жүйеге қарсы күш екенін түсінген патша өкіметі мұсылмандық оқу орындарды құрту мақсатында түрлі шаралар ұйымдастыра бастады. Патша әкімшілігі, әсіресе облыстың әскери-губернаторы мен халық училищелерінің инспекторлары мұсылман мектептерін тіпті қадағалап отырды, олар исламға қарсы іс-әрекеттің нәтижелі түрде қазақтар арасына орыс оқуын тарату, яғни орыс-түзем мектептерін көптеп ашу деп есептеді.

1886 жылы Жетісу облысында тұрақты түрде қызмет ететін 144 мектеп болған. Оларда 3340 ұл және 1504 қыз бала оқыған. Бұдан өзге қазақ ауылдарында молдалардан 4179 ұл және 491 қыз бала білім алып жатқан⁹⁰.

Жетісудағы қазақтар мен өзге де мұсылман халықтар арасында мұсылмандықтың әсерін әлсірету үшін жергілікті әкімшілік орындары

мұсылман мектептерінде орыс тілін оқытуды талап етті. Мұндай талап орындалмаған жағдайда мұсылман мектептері жабылуы тиіс болды.

Жетісу облыстық әскери-губернаторы 1898 жылы 10 сәуірде уез бастықтары мен Верный қаласы полицмейстріне берген нұсқауларында мұсылман мектептерінің мәселесін оларға орыс тілін оқытуды енгізу арқылы шешуді тапсырды.

Халық училищелері инспекторлары мұсылмандық оқу орындарында орыс тілі пәнінің оқытылуын талап етуде аса белсенділік танытып жатты. Олар мектептерде болуын жиілетіп, халықтың ығырына тиді. Сондықтан да жергілікті халық тарапынан оқу инспекторларына шағымдандан хаттар орталық билік орындарына да жетіп жатты. Халық ағарту министрі атына түскен хаттардың бірінде: “Біздің жұртқа халық училищелерінің инспекторлары тіптен таныс емес, бөтен адамдар. Халық училищелері инспекторлары арасында миссионерлік қоғамдардың мүшелері де бар болғандықтан мұсылмандар оларға өз діндеріне қол сұғушылар деп қарайды. Сондықтан халық училищелерінің инспекторлары мұсылмандар арасында ешқандай да беделге ие емес. Мұндай адамда мұсылмандық қоғамдарға ықпал етіп олардың қаржыларына ашылған мектептерге орыс тілін енгізуге ықпал етеді дей алмаймыз... Мектеп-медреселерді орыс тілін оқытпаса ашуға тиым салу мұсылмандарға ауыр тиюде, тіпті бұл орындалмайтын шарт. Мұсылман мектептерінде орыс тілін оқытуды халық училищелері инспекторларының талап етуін халық балаларға ана тілі мен діні негіздерді үйретуге үкіметтің әдейі жасап отырған кедергісі ретінде қабылдауда. Мұсылмандық оқу орындарға орнатылған бақылаулар және онда жүргізілетін тексерулер жүйесі мұсылмандарға деген сенімсіз қате пікірден туындаған. Мұндай жағдайда мұсылмандық оқу орындардың дамуына мүмкіндік жоқ. Сондықтан үкімет орындары қол астындағы мұсылмандардың оқу орындарына сеніммен қараса деймиз”⁹¹, - делініп көрсетілген.

Орталық өкімет орындары мұндай шағымдар бойынша белгілі бір шара қолдануға асықпады. Бірақ Жетісу облысында орыс тілін оқыту бағдарламасына енгізбеген мұсылмандық оқу орындарды жабу халық наразылығын туғызып, толқуларға алып келуі мүмкін деп сезіктенген Түркістан генерал-губертаторы Жетісу әскер- губернаторына арнайы хат жолдап, орыс тілін енгізудің жаңа жолдарын қарастыруды ұсынды.

1898 жылы Жетісу облысында мұсылмандық оқу орындарының саны 164 болды, онда 268 адам дәріс беріп, 4397 бала білім алып жатты. Бұл

мектептердің 72-сі Верный уезінде, 39-ы Жаркент уезінде, 9-ы Қапал уезінде, 3-и Лепсі уезінде болды⁹².

Түркістан генерал-губернаторы Духовский қызметке тағайындалысымен мұсылмандық оқу орындарды орыстандыруға кедергі жасайтындығын ескере отырып, онымен күресудің жолдарын қарастыра бастады. Осыған орай орыс мемлекетінің құдіреттілігінің символы ретінде мектеп-медреселерде император портретінің ілініп тұруын талап етіп, мұны халық училищелерінің инспекторларына қадағалауды тапсырды⁹³.

Мектеп-медреселерде император портретінің ілініп тұруын жергілікті халық қолдай қоймады. Мұндай ахуалды мұсылман халықтары өздерінің дініне қол сұғушылық деп қабылдады. Сондықтан да халық училищелерінің инспекторлары билік орындарына берген мәлімдемелерінде мектеп-медреселерде император портретінің ілінбей тұрғандығын атап көрсетіп жатты. Мәселен, Лепсі уезінен Жетісу облысы әскери-губернаторына келіп түскен осындай мәлімдемелердің бірінде: “Әндіжанда болған 1898 жылғы бейберекеттіктен кейін мектеп-медреселердің қызметін бақылау және онда император патша ағзамның портреті болуын қадағалау тапсырылғанына байланысты бұл іс қолға алынуда. Бірақ мектептерде император портреті ілінбек түгілі оқушылар императордың өзі кім екенін білмейді. Оның орнына оқушылар Бұхара мен Ауғаньстанның әмірлерін және түрік сұлтанын жақсы біледі. Мектептерді ылғи қадағалап тұрмаса олардың бағыты орыс саясатына қауіпті”⁹⁴, - делінген.

Патша өкіметінің мұсылмандық оқу орындарға деген реакциялық саясаты оның ішкі саясатта жүргізген басты міндеттерімен, яғни орыс емес халықтарды, соның ішінде қазақ халқын да орыстандыру арқылы Ресей империясының тұтастығы мен үстемдігін нығайта түсуге бағытталған әрекеттерімен тығыз байланыста жүрді. Мұсылмандық оқу жүйесіне патша өкіметі тарапынан жасалған кедергілер мен оның салдарлары тек Жеісу халықтарына ғана емес, Ресей империясы құрамындағы мұсылман дініндегі түркі және өзге халықтарға да ауыр тиіп, олардың тарих сахнасында өзіндік ұлттық болмысын сақтап қалуына қауіп төндірді. Мұсылмандық оқу орындарының эволюциялық түрде дамуын патша өкіметі тежеп, оларда білім берудің схоластикалық сипат алуын, сөйтіп, мектеп-медреселердің заман талабына жауап бере алмай күнделікті өмірден ығысып шығуын жақтады.

Жетісу өңіріндегі мұсылмандық оқу жүйесінің осындай мүшкіл халіне XIX ғасырдың соңына қарай екпін алған жәдідтік қозғалыс жаңа леп ала келді. Жәдідтік қозғалыстың көш басында мұсылман халықтарын өркениетке

тартуды көздеген И. Гаспринский тұрды. Ол мектеп, медреселерде діні сабақтармен қатар, дүниетану ғылымдар- математика, жағрафия, тарих биология секілді т.б. пәндерді оқыту заман талабы екенін насихаттады. Сондай-ақ жас баланың тәрбие алатын жері мектепті түзеп, ұлтжандылық тәрбиесін мектептен бастау керектігін баса көрсетті. Ол осы мақсатта алдымен араб әліпбиін түркі халықтарының тіліне лайықтап, дыбыстық естілуі ерекшеліктеріне сәйкес бір ізге түсірілген жазу ісіне, яғни ескі “қадымшылықтан” “усул-жәдідке” көшуді ұсынды.

Заман талабына жауап беруден қалған қадімі мұсылмандық оқу жүйесін дүниауи білім алуға сәйкестендіріп қайта құруды ұсынған И. Гаспринскийдің пікірі Түркістан өлкесіне де тарады. Жаңа оқу үлгісіндегі жәдіттік оқу орындар Жетісу облысында ХХ ғасырдың бас кезінен бой көтере бастады. Жетісу өңірінде жәдіттік оқу орындарының ашылуы жергілікті халық тарапынан кең қолдаушылыққа ие болды. Халықтың мұндай белсенділігін жергілікті әкімшілік орындары күтпеген еді. Сондықтан да әкімшілік орындары жергілікті жерлерде жәдіттік мектептердің ашылуы жайлы немесе ескі қадімі мұсылмандық оқу орындарының жәдіттік болып қайта құрылып жатқандығы жөнінде бастапқы кезде еш хабарсыз болды. Мәселен, Жетісу облысы халық училищелерінің инспекторы Верный қаласындағы 1904 жылы Ысқақ Ғабдулвалиев медресесін облыстық әкімшілік 1912 жылы ғана кездейсоқ білгенін құпия түрде Түркістан өлкелік бас оқу инспекторына хабарлаған⁹⁵.

Жетісу өңірінде ескі қадымшылдықтан жәдіттік жолға түскен ең алғашқы оқу орны 1883 жылы Верныйдағы татар мешіті жанынан ашылған Ысқақ Ғабдулвалиев медресесі. Бұл медресе жоғарыда айтылғандай 1904 жылы жәдіттік болып қайта құрылды. Осыған орай “Тәржіман” газеті 1904 жылғы санында: “Ысқақ Ғабдулвалиев өз медресесіне жаңа оқыту жүйесін енгізді. Бұл оқиға жергілікті халық тарапынан қолдаушылыққа, зор ризашылыққа ие болды. Халық оянып, қазіргі өмір талабын түсіне бастады. Кертарпалық көзқарастар мен түсініктер өскелең өмір ағысымен біртіндеп ығыстырылуда”⁹⁶, - деп хабарлаған болатын.

Верныйдағы аталмыш медресе қаладағы “Ғабдулвалиев және оны балалары” атты сауда үйінің қаражатымен қаржыландырылып тұрған. Медресеге бөлінген қаржыны жұмсау және медреседегі оқу процесін ұйымдастыру ісімен З. Тазетдинов айналысқан⁹⁷.

Жетісу жеріндегі жәдіттік оқу орындарды ұйымдастыруда, онда балаларды оқытуда татар зиялылары ғана емес, көзі ашық қазақ азаматтары да белгілі

дәрежеде белсенділік таныта білген. Мұның жарқын көрінісі Қапал уезіне қарасты Қарағаш деген жердегі ағайынды Маманов пен Тұрысбековтар ашқан мектеп. Оны жұрт кезінде “Мамания” медресесі деп атап кеткен. “Мамания” медресесінің кезінде аса беделді оқу орнына айналғанын жергілікті отаршыл әкімшілік орындары да мойындаған. Мұрағат құжаттарына қарағанда “Мамания” медресесі 1909 жылы өкімет орындарының рұқсатынсыз ашылып, 1912 жылы ғана заңды түрде тіркеуден өткен⁹⁸.

“Мамания” медресесі атанған жәдідтік оқу орнына қазақ интеллигенциясының алғашқы толқының өкілі Ғабдолғазиз Мұсағалиев жетекшілік еткен⁹⁹.

Жетісуда жәдідтік оқу орындарының көп шоғырланған жері Жаркент уезі болды. Онда жәдідтік мектептердің саны 1912 жылға қарай 13-ке жетті. Әр оқу жылы сайын оларда 579 балаға дейін оқитын¹⁰⁰.

Жәдідтік оқу орындарының бағдарламасы негізінен еуропалық орта мектептердің бағдарламасына сәйкес келетін. Мұсылмандық оқу орындардың жаңа оқыту әдісінен сескенген жергілікті әкімшілік орындарынан полиция Департаментіне жәдідттердің әрекеті туралы: “Ресей мұсылмандарының ұлттық сезімін ояту арқылы автономия мен ұлттық мектептерді иеленбекші. Осылайша өздерінің оқшауланған шеңберін құрып алған соң, орыс ықпалына және үкіметтің орыстандыру саясатына қарсы әрекет етпекші”¹⁰¹, - деген шағым хаттар түсіп жатты. Мұндай шағым хаттар орталық үкімет орындарын жәдідтерге қарсы тезірек шара қолдануға шақырған еді.

Түркістан генерал-губернаторы Самсонов 1909 жылы 14 наурызда Халық ағарту министріне жолдаған құпия мәләмдемесінде, жаңа оқу бағытындағы мұсылмандық оқу орындарда дүниади бәләмдер негізімен қатар діні пәндер оқытылып жатқандығын айта келіп, былай деп хабарлайды: “мұндай пәндердің оқытылуымен бірге жастардың бойында сепаративтік, тар ұлттық сипаттағы идеялар сіңірілуде. Жағдай бұдан әрі осылай жалғаса берсе мұсылмандық оқу орындар тек панисламизмнің ғана емес, пантүркизмнің ошағына айналуы мүмкін”¹⁰².

1909 жылы Түркістан өлкесі халық училищелерінің бас инспекторы Ф.Керенский өкімет орындарының жәдідтік мектептерге деген көзқарасын өзгерту керектігін алға тартқан еді. Ол мұсылман мектептерінің эволюциялық дамуын тежеуге ешқандай нақты негіз жоқ, мұсылман

мектептеріне қарсы жасалған әрекет құпия түрде құрылған мектептерді алып келді. Сөйтіп, онда жалпы мемлекеттік мүддеге қайшы келетін оқу-тәрбие жұмысы жүргізілетін болды деген пікірде болды¹⁰³.

Патша өкіметінің жәдіттік мектептерге деген қатынасын айқындауда 1908 жылы Түркістан өлкесінде болған граф Паленнің тексеру комиссиясының пікірі де ерекше орынға ие. Тексеру комиссиясы Түркістан өлкесіндегі бірқатар жәдіттік оқу орындарда болып, олардың оқу жоспарымен танысты. Түркістан өлкесіндегі жәдіттік мектептер арнайы тіркеуге алынбағандықтан тексеру комиссиясы олардың саны жөнінде толық мәлімет ала алмады. Тексеру комиссиясы өз есебінде жәдіттік мектептердің кең қанат жаюының себебін мұсылмандардың бұрынғы құдыретін жаңа өмір мазмұнын насихаттау арқылы қалпына келтіруді армандаған алдыңғы қатарлы “исламшылдар” әрекетімен байланыстырды. Сонымен бірге есепте “исламшылдар” мұсылмандар арасында біртіндеп өршіп бара жатқан саяси, әрі діни ынтымақтастық пен бірлікті қоздыру үшін ең алдымен оларды қараңғылықтан алып шығуды бірінші кезекке қойып отыр” делінді. Тексеру комиссиясы: “Мұсылман реформаторлары өз қолына мектепті алуға, әрі онда оқу-тәрбие жұмысын тиісті деңгейге қоюға ұмтылуда. Осылайша өз ойларын жүзеге асыратын сауатты, әрі білікті мықты күрескерлерді әзірлемекші”¹⁰⁴ - деген қорытындыға келген.

Түркістан өлкесінде граф Пален жетекшілік еткен тексеру комиссиясы өз есебінде тексерілген жәдіттік мектептерде Қазан баспаханаларында шыққан оқу құралдарының пайдаланылатындығын, оқу мен тәрбие ісі “мұсылмандықтың бірлігіне және мұсылмандықты жандандыра түсуге” негізделгенін мәлімдеген. Сонымен бірге комиссия мұсылмандар арасында бақылаусыз кез-келген кітаптардың таралуына жол бермеу керектігін де ескертеді. Түркістан өлкесіндегі жәдіттік мектептердің тағдыры жөнінде Паленнің комиссиясы ешқандай пікір білдірмеді. Дегенмен, тексеру комиссиясы Жетісу облысындағы жәдіттік оқу орындарынан татарлардың ықпалын әлсірету үшін Верныйда қазақ балаларынан мұғалімдер әзірлейтін семинария ашу керектігін білдірген болатын¹⁰⁵.

1909 жылы Түркістан өлкелік оқу ісінің бас инспекторының ұйымдастыруымен жәдіттік оқу орындарының мәселесін қарастырған мәжіліс өтеді. Ол мәжіліске Жетісу облысы оқу ісі инспекторлары да қатысты. Мәжілісте жаңа оқу әдісіндегі мұсылмандық оқу орындарды 1907 жылғы бастауыш мектептер туралы ережеге сәйкес басқаруға келмейтіндігі айтылып, олар жөнінде жаңа ереже жасалу қажеттігі талқыланды. Сөйтіп,

осы мәжілісте жәдіткік мектептер мен медреселер жайындағы ереженің жобасы әзірленді. Бұл жоба Түркістан генерал-губернаторының келісімімен Халық ағарту министрлігіне жіберілді¹⁰⁶.

Халық ағарту министрлігінің жауабын күтпестен генерал-губернатор Самсонов жәдіткік оқу-орындар туралы жоғарыда жасалған ереже жобасын 1912 жылы қаңтарда бекітті. Бұл ереже мынандай бес тармақтан тұрды:

“1. Жаңа оқыту әдістегі барлық жалпы білім беретін оқу орындарын ашу халық училищелері инспекторының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

2. Бұрын ашылған және жаңадан ашылатын мектептерде оқушылар мен оқытушылар бір тайпа (ұлт) өкілдерінен болуы тиіс.

3. Жаңа оқу әдісіндегі мектептерді ұйымдастырушыларға және қалалық, ауылдық қоғамдарға мектепте мемлекеттік орыс тілін оқыту керектігі ескерілсін.

4. Жаңа оқу әдісіндегі мектептердің ашылуы кезінде оқу курсының бағдарламасы, оқулықтарының тізімі, оқытушылар жөніндегі мәлімет талап етілсін.

5. Бұрын ашылған жаңа оқу әдісіндегі мектептер осы ережеге бағынсын”¹⁰⁷.

Түркістан генерал-губернаторы бекіткен осы ереже бойынша жәдіткік оқу орындар жергілікті билік орындарына толығымен тәуелді күйге түсті. Әсіресе, ереженің екінші тармағындағы шарт, яғни мұсылман халықтарының араласып оқуына тиым салуы өлкеде жәдіткік мектептердің дамуына ауыр соққы болып тиді. Жалпы, 1912 жылғы ереже өлкеде жәдіткік оқу орындарды біртіндеп ығыстыруға, полиция мен оқу әкімшілігінің араласуымен оларды жабуға жол ашып берді.

Жетісу облысы халық училищелерінің инспекторы 1913 жылы 4 наурызда Түркістан өлкесі оқу орындарының бас инспекторына Верныйда орыс-түзем мектебінің ашылғанын, бұл мектептің 1912 жылғы ережеге сәйкес жабылған жәдіткік мектептің орнында құрылғандығын қуана хабарлайды. Инспектордың мәлімдемесіне қарағанда жәдіткік мектептің жабылуының негізгі себебі, онда орыс тілі оқытылмауы болған¹⁰⁸.

Жәдіткік мектептерді жабуға әкімшілік орындары олардың санитарлық-гигиеналық ахуалын да негізгі сылтаудың бірі ретінде пайдаланды. Халық училищелерінің инспекторы жәдіткік оқу орындарының мектеп үйіне жарық түспейтіндігі жөнінде, мектеп үйі санитарлық талапқа жауап бермейтіндігі

жайлы актілер толтырып, жергілікті өкімет орындарына оларды тезірек жабуға қолғабыс көрсетуге өтініштер білдіріп жатты. Жәдіттік оқу орындарының арасында мектеп үйлерінің ескі болып, санитарлық талапқа жауап бере алмайтындары да болды. Мұндай жағдай жәдіттік мектептердегі қаражаттың тапшылығынан туындайтын. Жергілікті билік орындары ондай мектептерге қол ұшын созбады. Керісінше, олардың тезірек жабылуына мүдделі болды.

Осылайша Түркістан өлкесіне қараған Жетісу өңірінде жәдіттік оқу орындарының дамуына 1912 жылғы ереже негізгі кедергіге айналды. Жәдіттік оқу орындарды қатаң бақылауға алып, оларды жабу жолындағы әрекетін патша өкіметі бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында одан әрі өрістетіп түсті.

Отарлық билік орындары мұсылмандық оқу орындарға соққы беру арқылы өлкеде орыс оқу орындары жүйесінің қанат жаюын көздеді. Патша өкіметі орыс оқу орындарына жергілікті халық балаларын тартқанда, оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту үшін емес, өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет ететін төменгі дәрежедегі қызметкерлер даярлауды мақсат етті.

XX ғасырға сауатсыздықтан айрылмаған күйде жеткен елдердің бірі Ресей мен оның құрамындағы отар елдер болатын. 1897 жылғы бүкілресейлік халық санағы империядағы тұрғындардың 21,1 проценті ғана сауатты болғанын көрсетеді. Ал шет аймақтардағы, отар өлкелердегі жағдай бұдан да сорақы еді. Жетісу облысында халық санағының көрсетуінше тұрғындардың 5 проценті ғана оқи білетіндер болған. 1897 жылғы санақ қорытындысы бойынша түркі халықтарының әр мыңынан 96 адам оқи алатын күйде болған. Арада 10 жыл өткен соң Түркістан өлкесіндегі сауаттылық 0,4 пайызға ғана артқан. XX ғасыр басында Ресей империясында 89 губерния мен облыс болса, сауаттылық деңгейі жағынан Жетісу облысы 86 орынды иеленген екен¹⁰⁹. Мұның өзі патша өкіметінің отаршылдық саясатының ешқандай да өркендеттілік рөл атқармағандығын аңғартса керек.

Билік дағдарысы

Патша өкіметінің Түркістан өлкесін жаулап алып, ондағы басқару жүйесін империя мүддесіне сәйкес құруы, орыс қоныс аударушыларына құнарлы жерлерді тартып әперуі, рухани отарлауы міндетті түрде халық наразылығын туғызбай қоймайтын. Сондықтан да Түркістан өлкесін отарлау процесі барысында патша өкіметі жергілікті халық тарапынан “бүліктің” шығуы

мүмкін екендігін ескере отырып, ондағы әскери-полициялық тәртібін нығайта түсу жолындағы шараларын жүзеге асырып, өзінің өлкедегі саяси билігін ұстап тұруға бар күш-жігерін жұмсап бақты.

1867 жылғы “Түркістан өлкесін басқару туралы Уақытша Ереже” қабылданған соң қалыптасқан саяси билікке, отарлық бұғауға қарсы Жетісу өңіріндегі алғашқы наразылық 1868 жылы көктемде көрініс берді. Жетісу облысы әскери-губернаторының 1868 жылы орталық билік орындарына берген есебінде келтірілген мәліметтерге қарағанда, бұл наразылықтың шығуына осы жылы көктемде Бұхар әмірлігіне қарсы орыс әскерлерінің жүргізген соғыс қимылдары түрткі болған. Халық наразылығы барысында облыстағы қазақтар мен қырғыздар бірлесе отырып, отарлық билік жүйесіне ашық қыр көрсетуге дейін барған. Қапал және Ыстық көл (Пржевальск) уездеріндегі халық толқуларын басу үшін арнайы әскер бөлімі аттандырылды. Қырғыз манапы Осман бастаған топтың Тоқмақта уез басқармасына жасаған шабуылы әскер күшімен тойтарылған. Стихиялы түрде болған толқу көп ұзамай басылған соң, жергілікті әкімшілік “бүлікті” шығарушыларды іздестіріп, кінәлілерді жазалауды қолға алды¹¹⁰.

Орыстардың өлкедегі үстемдігіне наразылықтың өрістей түскендігіне 1898 жылғы Әндіжан көтерілісі дәлел бола алады. Өлкедегі дәстүрлі басқару жүйесін қалпына келтіруді көксеген Мәдәлі шаһ бастаған көтерілісшілер 1898 жылы 18 мамырда Әндіжан бекінісіндегі орыс гарнизонына шабуыл жасап, 18 орыс солдатын өлтіріп, 22-сін жарадар етті. Мәдәлі шаһтың бұл әрекеті сәтсіз аяқталса да, Ферғана және оған іргелес аудандарда отаршылдық қысымға қарсы азаттық күресінің өршуіне ықпал етті. Сырдария және Жетісу облысы қазақтары көтеріліске ниеттестік танытты¹¹¹.

Әндіжан көтерілісі күшпен басылған соң көтеріліске қатысқан 20 адамдарға асу жазасына кесіліп, 343 адам абақтыға жабылды¹¹². Көтерілісшілерді қатаң жазалау генерал-губернатор Духовскийдің жіті бақылауымен жүрді. Духовский жөнінде М.Шоқай былай деп орынды жазған болатын: “1898 жылғы Әндіжан көтерілісінен кейін бүкіл Әндіжандағы ғұлама, дін басыларды мешітке жинап, өзінің аяғына жығып, тағзым етуге мәжбүрлеген. Аса қадірменді ғұламалардың біразының сәждеге қойған басын желкесінен басып өткен де осы Духовский. Бұл қорлықты түркістандықтар ұмыта қоймаған шығар”¹¹³.

Генерал Духовскийдің тікелей тапсырмасы бойынша Әндіжан көтерілісіне өлкедегі басқа облыстарда қолдаушылық танытқандарды іздестіру қолға алынды. Осыған орай Жетісу облысында да “бүлікшілерді қолдаушыларды”

табу науқаны басталып кетті. Мұндай адамдарды табу мақсатында жандарм мекемелері қазақтар мен қырғыздардың саяси белсенді азаматтарының арасына өз тыңшыларын жіберіп жатты. Осындай іздестіру барысында жергілікті әкімшілік орындарының көзіне іліккендердің бірі Нарындағы гарнизонда қызметте жүрген штабс капитан Ноғайбай Жетпісбаев болды. Тыңшылардың жеткізген мәліметтеріне қарағанда, Н. Жетпісбаев Әндіжан көтерілісі күшпен басылғаннан кейін орыстармен салқын араласып, “біз сендерге әлі көрсетеміз, Жетісуда 15 жылдан кейін бірде-бір орыс қалмайды” деп жиі айтатын болған. Н. Жетпісбаев тыңшылардың жеткізген осындай мәліметі бойынша “бүлікшілдікті қоздырушы” адам ретінде айыпталып, оның үстіне қылмыстық іс қозғалды¹¹⁴.

1898 жылы 18 қарашада Верный уезінің азаматы Шаяхмет Мустафин деген қазақтың үстінен дәл осындай қылмыстық іс қозғалды. Ш. Мустафин Михайловка селосына келіп, орыстармен әңгімелесу барысында “мұсылмандар әлі сендерге өздерінің кім екендігін көрсетеді” деген сөзі үшін жауапқа тартылды¹¹⁵. Верный уезінің София станицасында казактарға жалданып жұмыс істеп жүрген Ж. Медетбекев, Д. Есіркепов және Д. Игіліков деген азаматтар Әндіжан көтерілісі туралы әңгіме құрғандары үшін көтеріліске қолдаушылық танытушылар ретінде айыпталып, олардың үстінен қылмыстық іс қозғалды¹¹⁶. Осылайша отаршыл әкімшілік халық наразылығын ауыздықтауды мақсат тұтып сан қилы әрекеттерге барды.

Әндіжан көтерілісінен кейін патша өкіметі өлкедегі әскери-полициялық тәртіптің басты тірегі санаған орыс шаруаларын қаруландыруды қолға алды. Орыс шаруаларын қаруландыру мәселесін алғаш көтерген Сырдария облысының әскери-губернаторы Гродеков болатын. 1891 жылы 15 қыркүйекте Соғыс министріне жолдаған ұсынысында орыс шаруаларын қаруландыру арқылы өлкедегі әскердің санын қысқартуға болатынын айтып, мұндай қаруландыру нәтижесінде “әрбір орыс қонысы әскери батальонға пара-пар келеді” деген пікірін білдірген болатын¹¹⁷.

Гродековтың орыс қоныс аударушыларын қаруландыру туралы ұсынысы орталық билік орындарында пікірталас туғызған еді. Пікірталас барысында үкімет тарапынан таратылып берілген қаруды орыс шаруалары қалай қолданады, қаруланған шаруалар өкіметке қауіп төндірмей ме деген мәселе көтерілді. Осыған қарамастан қоныс аударушыларды қаруландыру туралы ұсыныс қолдау тапты.

“Орыс қоныстарын қаруландыру туралы” заң жобасы 1891 жылы 29 қарашада Министрлер Кеңесінде қабылданып, патша тарапынан бекітілді.

Мұның артынша қоныс аударушыларға таратылып берілген қаруды айырбастауға, сыйға тартуға және түземдіктерге сатуға қатаң тиым салған арнайы “Ереже” қабылданды. “Ережеге” сәйкес қару алған әрбір қоныс аударушы өкімет өкіліне “мен бұл қаруды түземдіктерге сатпаймын. Жай да бермеймін” деп қолхат беруге тиіс болды¹¹⁸.

Орыс шаруаларын қаруландыру керек деген шешім қабылданғанымен, оны жүзеге асыру Әндіжан көтерілісінен соң іле-шала қолға алынып, 1898 жылы Сырдария облысындағы орыс қоныстарына 1134 винтовка, Жетісу облысына 3000 винтовка таратылды. Жетісу облысында таратылған винтовканың 1000-ы казактардың, 2000-ы орыс шаруаларының үлесіне тиген-ді¹¹⁹.

Түркістан өлкесіндегі орыс қоныстарын қаруландыру ісі бұдан кейінгі кезеңде де жалғасын тапты. 1911 жылы 26 қаңтарда Жетісу облыстық әскери-губернаторы уез басшыларына құпия түрде нұсқау хат жолдап, онда орыс қоныстарындағы әрбір 8 үйге бір винтовкадан келетіндей етіп қару таратуды қолға алуды талап еткен болатын. Осы кезде уез басшыларының қарауындағы қоймаларда 7257 винтовка, 412 089 оқдәрі (патрон) сақталып тұрған еді. Оның ішінде Верный уезінде 2223, Қапал уезінде 441, Лепсі уезінде 1161, Жаркент уезінде 119 винтовка болды¹²⁰.

Жетісу облысы әскери губернаторы жоғарыда айтылған нұсқау хатында уез басшыларына қаруды таратып болған соң орыс қоныстарында қарулы жасақтар құруды да ұйымдастыруды тапсырған еді. Әскери-губернатордың нұсқауы бойынша мұндай қарулы жасақтың міндетіне қоныстардағы тәртіпті сақтау, төңіректегі қазақ-қырғыздардың көңіл-күйін қадағалау, бүлік бола қалған жағдайда қоныстарды қорғап, бүлікшілерге тосқауыл қою жүктелді¹²¹.

1914-1915 жылдары соғыс майданында қарудың жетіспеуіне байланысты кезінде Түркістан өлкесінде орыс қоныстарында таратылып берілген қаруды жиып алу мәселесі көтерілген болатын. Алайда жергілікті билік орындарының өтініш білдіруіне орай Түркістан өлкесіндегі орыс қоныстарынан қару жиналып алынбайтын болды. Бұл жөнінде Соғыс Министрі жергілікті билік орындарының өтініштерін ескере отырып, Министрлер Кеңесі төрағасы атына жолдаған қатынас хатында: “Таратылып берілген қарулардың кейбір түрлері соғыс майдандарына аса қажет емес. Ресейдің азиялық бөлігіндегі кейбір аудандар үшін саяси мәнге ие. Сондықтан Түркістан өлкесіндегі орыс шаруаларына таратылып берілген қаруларды жинастырып алудың қажеттігі жоқ деп санаймын”¹²² деп жазғанды.

Отарлық билік орындары орыс қоныс аударушыларын қаруландырумен қатар жергілікті халықтарды қарусыздандыру саясатын жүргізеді. 1891 жылы 27 қарашада жергілікті халықтарға оқпен атылатын қару ұстауға тиым салған бұйрыққа Түркістан генерал-губернаторы қол қойды. Осы бұйрық негізінде облыстық және уездік әкімшілік жанынан жергілікті халықтың қолынан оқпен атылатын қаруды жинастырып алу үшін арнайы топ құрылды¹²³. Мақсат жергілікті халықты қарусыздандыра отырып, оның отарлық билік орындарына қарсылық көрсету мүмкіндігін барынша әлсірете түсу болатын.

XIX-шы ғасырдың соңына қарай Түркістан өлкесіндегі отарлық билік орындарының халық наразылығын басып жаншуына 1881 жылы 14 тамызда патша бекіткен “Мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық тыныштықты сақтау шаралары туралы Ереже” кең жол ашып берген-ді. “Ережеге” сәйкес генерал-губернатор өзінің қарамағындағы территорияның кез-келген жерінде “күшейтілген” және “төтенше” жағдай жариялау құқына иемденді. “Күшейтілген” күзет белгілі бір елді мекенде мемлекеттік құрылысқа қарсы және жеке адамдардың өмірі мен мүлкіне қауіп төнгенде, ал “төтенше” күзет тұрғындардың көңіл-күйінде қалыпты тәртіпке қарсы әрекеттер байқалғанда жарияланатын болып белгіленді¹²⁴.

“Күшейтілген” күзет жарияланған жағдайда жергілікті әкімшілік пен полициялық жазалау функциясы барынша кеңейтіле түсетін. Жергілікті билік орындарына мұндай жағдайда кез-келген жиналыстарға тиым салуға, мерзімді басылымдардың шығуын бір ай мерзімге тоқтатуға, оқу орындарының қызметін доғара тұруға құқық берілді. Сондай-ақ әскери-губернатор күшейтілген күзет жағдайында “қоғамдық тәртіпті сақтау жолында” әскери күштерді қолдану үшін жоғары билік орындарынан ешқандай нұсқау күтпейтін болды.

Патша өкіметі отар аймақтардағы әскери-полициялық тәртіпті нығайта түсу мақсатында 1892 жылдан бастап уез басшыларына көмек көрсететін бөлімшелік приставтар институтын енгізу бастады. Бөлімшелік пристав қызметіне патша өкіметі армиясының саптағы офицерлері тағайындалды. Приставтарға салықтардың жиналуын қадағалау, уез бастығының қаулы және шешімдерінің жүзеге асуын қамтамасыз ету, тұрғындардың “қоғамдық тәртіпті” сақтауын бақылау жүктелді. Олар күдікті деп танылғандарды тергеуге, 3 күнге абақтыға жабуға құқылы болды¹²⁵.

Жетісу облысында приставтар қызметі бірінші орыс революциясы тұсында барынша қуат ала түскен-ді. Жергілікті билік орындарына әсіресе оппозициядағы саяси партиялардың үгіт-насихат жұмысын өрістете түсуі аса

жайсыз тиді. Осыған орай 1905 жылы желтоқсанда Түркістан генерал-губернаторы Соғыс министріне берген рапортында: “Верный, Жаркент және Пішпек уездерінде бұдан бірнеше ай бұрын басталған үкіметке қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қарқын алып, ауқымы кеңейе түсуде. Аталған уездердегі тұрғындар мен әскерлерді билік орындарына қару алып қарсы шығуға шақырған үнпарақтар таратылуда,”- делініп, Жетісу облысы уездеріне күшейтілген күзет енгізуді сұраған болатын¹²⁶.

Түркістан генерал-губернаторының өтінішіне сәйкес Верный және Жеркент уездерінде күшейтілген күзет жағдайы енгізілген кезде бөлімшелік приставтар үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп жатқан орыс саяси партияларының өкілдерін қара тізімге алып, олардың үстінен қылмыстық іс қозғауда аса белсенділік танытты.

Мәселен, Верный уезіндегі 1-бөлімше приставының көрсетуімен Верный қаласындағы эсерлер ұйымы әшкерленіп, оның белсенді мүшелерінің бірі болған Л.Н. Румма сотқа тартылды. Сөйтіп, өз мақсаттары жолында террорлық әдістерді қолдаған эсерлер партиясының Верныйдағы ұйымының уездегі қазақтарды да өздерінің ықпалына тартуды көздеген әрекетінен нәтиже шықпай қалған еді. Л.Н. Румманның сот процесі барысында эсерлердің Шамалған болысы қазақтарына қару-жарақ үлестіріп беруді, сөйтіп қазақтардың қарулы көтерілісін ұйымдастыруды жоспарлағаны белгілі болды¹²⁷.

Эсерлер партиясының мұндай талпыныстарына қарамастан Жетісу өңіріндегі қазақтарға социал-демократиялық ұйымдардың ықпал ету дәрежесі мардымсыз болды. Олардың жүргізген үгіт-насихат жұмыстарына қазақтар арасында үн қатушылық байқала қоймады. Бірақ бұл бірінші орыс революциясы тұсында қазақ азаттық қозғалысы өрбімеді дегенді білдірмесе керек. Жалпы бұл кезеңдегі қазақтардың саяси күресі ең алдымен патшаға, отарлық билікке петиция жазып тапсыру түрінде көрінді.

Бірінші орыс революциясының бастапқы кезеңінде отарлық тәуелділіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды. Жетісу облысы Лепсі уезі қазақтары дайындаған петицияға 1000 адам қол қойған. Жетісу облысына орыс шаруаларын қаныс аударуды доғаруды, Түркістан өлкесі мұсылмандарының діни істерін жергілікті әкімшілік қарамағынан алып, оны жеке діни басқармаға қарату қажеттілігін және бастауыш мектептерде ана тілінде білім алуға кедергі жасамау керектігін талап еткен бұл петиция, Министрлер Кеңесінің төрағасы атына жеделхат арқылы жіберілген болатын. Осыған орай Жетісу облысы

қазақтарының петициясы туралы М. Тынышпаев: “Онда үкіметтің пасық саясатына ашық наразылық білдірілді”¹²⁸ - деп атап көрсеткен еді.

Отар аймақтағы патша өкіметінің саяси билігіне қарсы күрестің өрістей түсуіне байланысты полиция департаменті “қоғамдық тәртіпке іріткі салушыларды” іздестіріп, “бүліктерді” алдын алу үшін Түркістан өлкесінде 1907 жылы тамызда өзінің Ерекше бөлімін құру туралы шешімін қабылдады. Жергілікті полиция Ерекше бөлімге өлкедегі қоғамдық саяси қозғалыс жайлы барлық мәліметтерді жеткізіп тұруға міндетті болды. Ерекше бөлімге жергілікті полиция қызметін бақылау құқығы берілді. Өз қызметіне кіріскен Ерекше бөлім көп ұзамай осы жылы желтоқсанда Түркістан аудандық күзет бөлімі болып қайта құрылды¹²⁹.

Ташкент қаласында орналасқан Түркістан аудандық күзет бөлімінің Ашхабат пен Верный қалаларында іздестіру бөлімшелері ашылды. Іздестіру бөлімі тыңшылар арқылы халықтың көңіл-күйіндегі өзгерістер жайында, халықтың арасында “іріткі” туғызушылар туралы мәліметтер жинаумен, ол мәліметтерді билік орындарына жеткізіп тұру міндетін атқарды.

Жетісу облысында Түркістан аудандық күзет бөлімінің 10-ға жуық тыңшылары болды. Оның ішінде “Бала”, “Қара”, “Грамотный”, “Красивый”, “Служащий” деген бүркеншік есімдегі тыңшылары қазақ азаттық қозғалысы жетекшілерінің және облыстағы өзге де түркі-мұсылман халықтарының белсенді азаматтарының іс-әрекеттері жайында мәлімет жинаумен шұғылданды. Осындай тыңшылар ұстау арқылы патша өкіметі жергілікті халықтың азаттық қозғалысы жетекшілерінің әрекеттерінен хабардар болып отыруға белгілі дәрежеде қол жеткізді. Мәселен, Жетісу облысы қазақ-қырғыздарының 1910 жылы 21 қазанда жасырын түрде өткізген съезі жайында отарлық билік орындары “Қара” деген бүркеншік есімді тыңшының мәлімет беруі нәтижесінде хабардар болған¹³⁰.

Жетісу облысы қазақ-қырғыздарының бұл съезі орыс әскерлерінің Қоқандықтармен Ұзынағаш түбінде болған шайқастағы жеңісінің 50 жылдығын жергілікті әкімшілік орындарының салтанатты түрде атап өтуі кезінде ұйымдастырылған болатын. Осы салтанатты атап өтуге орыс халқының өкілдерінен басқа облыстағы қазақ және қырғыз халықтарының қадірменді азаматтары да шақырылған еді. Сол жиынның кезінде жергілікті белгілі қайраткерлер: облыстық басқарма қызметкерлері Б. Сыртанов пен Ы. Жайнақов Верный уезі Шамалған облысының басқарушысы М. Смаилов, үлкен Алматы облысының өкілі Б. Әшекеев, Пішпек уезінің қырғызы Д.

Сауранбаев, белгілі қырғыз манапы Ш. Жантаев және т.б. белсенді азаматтар жасырын түрде съез өткізуді ұйымдастырған-ды.

Ұзынағаш съезі атанған қазақтар мен қырғыздардың 50 шақты өкілі қатысқан бұл жиын 21 қазан күні кешкісін Казанско-Богородский селосында өтті. Онда қазақ-қырғыздардың отаршылдық саясат нәтижесінде бастан кешіп отырған тауқыметі талқыланып, жергілікті әкімшілік орындары тарапынан қазақ пен қырғызға жасалып жатқан қысымшылыққа орталық билік орындарының назарын біру үшін Петербургке арнайы өкіл жіберу мәселесі қаралды. Көпшіліктің ұсынысы бойынша Петербургке жіберілетін өкіл ретінде Барлыбек Сыртанов белгіленді. Сондай-ақ съездің кезінде Б. Сыртановтың Петербургке баруы үшін деп 500 сом ақша жиналды. Мұндай қаржы съездің ұйғарымы бойынша облыстағы уездерден де жиналатын болып келісілді¹³¹.

Осыған орай Верный қаласындағы Іздестіру бөлімі Түркістан аудандық күзет бөліміне Б. Сыртановтың Петербургке баруына деп қазақ-қырғыз ауылдарында кімдердің қаржы жинап жатқандығын анықтау үшін өз тыңшыларына тапсырма бергенін хабарлайды. Іздестіру бөлімі тыңшыларының осы мәселе бойынша түсірген мәліметтеріне қарағанда Верный уезінде Ы. Жайнақовтың ұйымдастыруымен әр болыстан 100 сомнан жиналып, Б. Сыртановқа бұл қаржы тапсырылған. Сондай-ақ Пішпек және Пржевальск уезі қырғыздары әр болыстан 200 сомнан жинап, Петербургке Б. Сыртановпен бірге Д. Сауранбаевты да жібергелі жатқаны жайында тыңшылар арқылы жергілікті әкімшілік орындарына мәлім болады¹³².

1910 жылы 26 желтоқсанда Верный қаласында Б.Сыртанов, Ы.Жайнақов және т.б. қазақ зиялылары бас қосып, Мемлекеттік думаға қазақ-қырғыздар атынан тапсырылатын талап-тілектерді талқыға салып, оның мәтінін құрастырған болатын. Қазақтар мен қырғыздар атынан тапсырылатын бұл талап-тілекте жер, оқу-ағарту, сот ісі және дін мәселелері қамтылды. Онда жер мәселесі бойынша қазақтар мен қырғыздар жерге орналасып болғанша Жетісу өңіріне орыс шаруаларын қоныстандыруды доғара тұру керектігі, оқу ағарту ісі бойынша қазақ-қырғыз балаларының ана тілінде білім алуына мүмкіндік беру және оқу ағарту ісін бүркемелеген орыстандыру саясатына тиым салу қажеттігі, сот ісі бойынша болыстардағы билер сотының өкілеттілігін кеңейту, дін мәселесі бойынша Түркістан өлкесіндегі діни істердің жергілікті әкімшіліктің қарауынан алынуы, Түркістанда өз алдына бөлек мұсылмандық діни басқарма құрылып Жетісу облысы қазақ-қырғыздары соған қарау керектігі көрсетілген-ді¹³³.

Б. Сыртановтың Петербургке сапарының нәтижелі болуына қазақтар мен қырғыздар ғана емес сонымен бірге облыстағы татар, ұйғыр халықтарының алдыңғы қатарлы азаматтары да мүдделілік танытты. Сондықтан Б. Сыртановтың сапарына деп татарлар мен ұйғырлар арасында да қаржы жиналды. Бұл іске, күзет бөлімі тыңшыларының жинастырған мәліметтеріне қарағанда, Верныйдағы белгілі татар көпесі Ә. Ғабдулвалиев жетекшілік еткен. Осыған орай Верныйдағы Іздестіру бөлімінің меңгерушісі 1912 жылы 9 қыркүйекте Түркістан аудандық күзет бөліміне жолдаған қатынас хатында Ә. Ғабдулвалиевті “қырғыздың, татар мен тараншылардың белсенді азаматтарын біріктіруші және оларға жетекшілік жасаушы адам ретінде көзге түсуде” деп баяндап, Б. Сыртановтың Петербургке сапарынан “панисламизмнің” көрінісі байқалады деген ойды жеткізеді¹³⁴.

Бұл кезеңде патша өкіметі империядағы мұсылман халықтарының ұлттық сана-сезімнің оянуынан және олардың өзара ынтымағының нығаюынан сескенгендіктен түркі-мұсылман зиялыларын саяси қудалауға түрлі себептер қарастыра бастаған-ды.

Полиция департаменті осыған орай аудандық күзет бөлімдері мен губерндік жандарм басқармаларының басшыларына: “Соңғы жылдары империяның мұсылман тұрғындары арасында, сондай-ақ шетелдерде панисламизм деп аталатын идеядан туындаған ашық толқулар көрініс табуда. Ресейде мұндай фанаттық қозғалыс жас түріктер мен жас парсылардың комитеттері тарапынан жан-жақты қолдау табуда. Бұл панисламшылдық қозғалыстың негізгі мақсаты бүкіл мұсылман әлемін саяси және экономикалық жағынан Түркияның қол астына біріктіріп, болашақта бүкілтүріктік республика құру. Түріктер мен орыс мұсылмандарының әйгілі публицистері соңғы уақытта өздерінің түбі бір екенін дәлелдеуге тырысуда. Олар мұсылмандардың Ресейге өшпенділігін қоздырмақшы. Сондықтан панисламизмді мұсылмандық қозғалыс ретінде империяның бүгінгі мемлекеттік құрылысына қарсы бағытталған құбылыс деп тұжырымдауға болады,”-деген мазмұндағы нұсқау хат жолдай отырып, “панисламистердің” қастандық әрекеттерін әшкерелейтін және олардың ұйымдары жайлы тыңшылар арқылы мәліметтер жинаудың тиімді шараларын қарастыру, мұсылмандық оқу орындарындағы мұғалімдердің және мұсылман дін иелерінің қызметтеріне бақылау орнату, “панисламшылдық” рухтағы басылымдардың таралуына жол бермеу қатаң тапсырылды¹³⁵.

Түркістан аудандық күзет бөліміне мұндай нұсқау түсісімен өлкедегі түркі-мұсылман халықтарының белсенді азаматтарына қатаң бақылау орнатылып,

олардың іс әрекеттерінен “панисламшылдықтың” көрінісін іздестіру қалыпты жағдайға айналды. Сондықтан 1910-1912 жылдары Түркістан өлкесінде 170-ке жуық адам “панисламизмге” қатысы бар деген күдікпен тіркелген¹³⁶. Олардың қатарында Верныйдағы медресенің оқу ісінің меңгерушісі, татар зиялысы Зайнетдин Тазетдинов та бар еді.

3. Тазетдиновқа тағылған айыптардың бірі оның 1906 жылы Жетісу облысы мұсылмандарының съезін өткізуге талпынғаны болды. Күзет бөлімі келтірген мәліметтерге қарағанда, З. Тазетдинов бұдан кейінгі кезеңдерде де Верныйдағы мұсылман кітапханасында облыстағы татар, ұйғыр, қырғыз және қазақ зиялыларының жасырын түрде бас қосқан жиналыстарын өткізген. Мәселен, 1911 жылы өткен жиналыста “3 маусым” жарлығына сәйкес Түркістан мен Қазақстан халықтарының Мемлекеттік думаға сайлау құғынан айырылуы орынсыз деп бағаланып, өлке халқына сайлау құқын қайыру мәселесі талқыланады. Сөйтіп, Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясына бұл жөнінде өтініш білдіру керек деген шешім қабылданғанды¹³⁷.

Түркістан өлкесі халқының “3 маусым заңына” сәйкес Мемлекеттік думадан шеттетілгені мұсылман фракциясын да бей-жай қалдырмаған болатын. Мұсылман фракциясы бұл мәселені шешу жолдарын жақын арада өткізілуі тиіс бүкілресейлік мұсылман съезінде қарастыруды жоспарлаған еді. Ол жөнінде 1912 жылы “Айқап” журналында және “Уақыт” газеті секілді т.б. татар басылымдарында жарияланып жатты. Осыған орай 1912 жылы 6 маусымда Верныйдағы іздестіру бөлімінің меңгерушісі Түркістан аудандық күзет бөліміне жолдаған мәлімдемесінде былай деп жазады: “Келіп түсіп жатқан мәліметтерге қарағанда 1911 жылдан бері бүкілресейлік мұсылман съезін өткізуге қызу әзірлік жұмыстары жүргізіліп жатқан сияқты. Әзірге съездің өткізілетін мерзімі мен орны анықталған жоқ. Әйтсе де, онда мұсылмандардың үкіметке ықпал ету тактикасы қарастырылатындығы мәлім болып отыр. Ресейдің ішкі аймақтарынан қоныс аударған орыс шаруларына жерді тартып әперіп жатқан үкіметке облыстағы мұсылмандар ізгі ниетте емес. Облысқа таралып жатқан “Айқап”, “Ақмолла”, “Уақыт” секілді басылымдарда бүкілресейлік мұсылман съезін өткізу ашық талқылануда. Мұны біздің қызметкерлеріміз панисламизмді насихаттаудың көрінісі ретінде бағалап отыр”¹³⁸.

Патша өкіметінің жергілікті билік орындары Жетісу өңіріне басқа облыстардан келушілердің барлығына дерлік “панисламизм” идеологиясын насихаттаушылар ретінде қарауды әдетке айналдырады. Мәселен, 1911 жылы

Жетісу облысына Торғай өңірінен келген әйгілі Балуан Шолақты жергілікті бақылау орындары өкіметке қарсы үгіт жүргізуші ретінде бағалап, ол жөнінде Түркістан аудандық күзет бөліміне мынадай мазмұндағы мәлімдеме жолдайды: “бұдан екі жыл бұрын Торғай облысынан Верный уезіне 50 пұт көтеретін “Шолақ Батыр” деген қырғыз келді. Ол Верный уезінің Төменгі Іле, Жаңа Іле, Сыратакөл болыстарын, Пішпек уезінің елді мекендерін және Шу жағалауын 20 шақты қарулы жігіттермен аралап жүр. Оның өзі офицер киімін киіп алған. “Шолақ Батыр” жұртқа түрік сұлтанының өз қолынан алғамын деп құжаттар көрсеткен. Бұл құжат бойынша қырғыздар оған азық-түлікпен және қару-жарақпен көмек көрсетуге тиіс көрінеді. Ол мұндай көмек алған жағдайда қырғыздарды бейбіт күнде және соғыс жағдайында қорғауға міндетті екендігін білдірген көрінеді”¹³⁹.

Осы мәліметке қарағанда Балуан Шолақ тұтқынға алынып, бірақ ол Ы.Жайнақовтың араласуымен босатылады. Сол себепті отарлық билік орындары қазақ азаматтық қозғалысының мұндай қайраткерлерінен құтылудың түрлі жолдарын қарастырып, оларды Бұхар әмірімен және түрік сұлтанымен астыртын байланысы бар деген желеумен қудалауды ойластырған еді. Мұндай негізсіз айыптау осылайша өз кезегінде Ы. Жайнақовқа да тағылған-ды¹⁴⁰.

Түркістан аудандық күзет бөлімінің тыңшылары Жетісу облысындағы саяси қозғалысқа жоғары және орта оқу орындарында білім алған Б. Сыртанов, Ы. Жайнақов, И. Абылайханов, М. Мұраталин, Д. Саурамбаев, Н. Тулин, Т. Серікбаев секілді қайраткерлер жетекшілік ететіндігін, оларды тез арада тұтқындау қажеттігі жайында ұсыныстарды орталық билік орындарына жолдап жатты¹⁴¹. Бұл қайраткерлерге сол тұста М.Дулатовтың азаттық үшін күрес рухында жазылған “Оян, қазақ!” атты өлеңдері жинағын және “Бақытсыз Жамал” романын Жетісу өңірінде таралуына атсалысқандығы кінә болып тағылды.

М. Дулатовтың “Оян, қазағы!” Пішпек уездік әкімшілігінде тілмаштық қызмет атқарған Тергеусіз Серікбаев арқылы таратылған. Т. Серікбаевтың уездегі көшпелілер арасына тарату үшін әрбір болыс басқарушыларының қолына “Оян, қазақтың!” көптеген тиражын ұстатқандығын жергілікті полиция өз тыңшылары арқылы анықтаған. Верный уезінде “Оян, қазақты!” таратумен Ы. Жайнақовтың шұғылданғаны да осы тыңшылар арқылы мәлім болған. Жетісу өңірінде “Оян, қазақты!” таратуда Верный қаласындағы Ахметкәрім Зейнуллиннің кітап дүкені де елеулі рөл атқарған. Сол үшін де А.Зейнуллин тергеуге тартылған болатын. 1910-1911 жылдары Верныйда

“Оян, қазақты!” оқып, ондағы өлеңдерді жаттап алып халыққа таратушылар қатарында Жетісудағы белгілі тілмаш, жергілікті патша әкімшілігіне жақын жүретін Қойсерке Тоқсанбаевтың, Қалмұкаммед Қадырбаевтың, Мырзахан Төлебаевтың, Теміровтың есімдері аталады¹⁴². Мұндай адамдар Жетісу облысының барлық аймақтарында болды. Олар “Оян, қазақты!” өздері ғана оқумен шектелмей, оның мазмұнын халық арасында мүмкіншіліктері жеткенше кеңінен насифаттаған. Сөйтіп, “Оян, қазақтағы!” жалпы демократиялық талап-тілектер халық ішінде отаршылдыққа қарсы саяси ахуал қалыптастыруға қызмет еткен.

Осылайша, Жетісу өңірінде өрбіген азаттық қозғалыста аттөбеліндей, саны жағынан аз қазақ зиялылары тез шындалып, отарлық езгіге қарсы саяси ахуалды қалыптастыруға қызмет етті. XX ғасыр басындағы Жетісу өңіріндегі қазақ зиялыларының көшбасшысы саналған Б. Сыртанов 1912-1914 жылдар аралығында баспасөз беттерінде басылған публицистикалық мақалаларында М. Сералин, Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин С. Лапин, Р. Мәрсеков сияқты тез арада жалпықазақ съезін шақырып, онда халықтың жанына батқан отарлық саясаттың салдарынан әлеуметтік, рухани және саяси күйзеліске ұшыраған елдің көкейтесті мәселелерін шешу жолдарын қарастыруды қолдаған еді. “Айқап” журналына басылған бір мақалысында ол былай деп жазды: “Біздің жақтағы ел өзге ел жұртымызға қарағанда әлі қараңғыда жүр. Жарық көре алмаймыз.

Бәріміз наданбыз. Оның үстіне әркімнен көріп жүрген зорлығымызды айтып жеткізе алмаймыз. Әсіресе, өстіп жүрген елге жиналыс, бас қосу айырықша керек деп білемін. Ағын су басынан лайланса, оның төменгі ағымы да лайланады. Бұл сөзге қарағанда осы болатұғын жиылыс жақсы болып өтсе, кейінгілері де жақсы болып өтіп тұрар. Әуелгісі жаман болып өтсе, түзуі қиын болар”¹⁴³. Шақырылатын жалпықазақ съезіне Б. Сыртанов мынадай мәселелерді талқылауға ұсынды:

“1. Отарлық саясаттың салдарынан қазақ елінен тартып алынып жатқан жерін қазақ халқына қайтарып беру және болашақта мұндай әрекеттерді тоқтату.

2. Мемлекеттік Думаға қазақ халқының депутаттарын сайлау.

3. Қазақ даласында өз алдына бөлек мүфтилік құру.

4. Жергілікті халықтың құқықтарын орыстардың құқықтарымен теңестіру”¹⁴⁴.

Әрине, мұндай ұсыныстарды сол тарихи кезеңде өткізу тіптен мүмкін емес еді. Себебі патша өкіметінің жандармерия органдары қазақ зиялыларының

бостандыққа, тәуелсіздікке шақырған ұран, идеяларын тұншықтыруға әрқашан да дайын тұрды. Өйткені қазақ жұртына саяси мәселелерді бас қосып талқылауға жол беру оған өз қолымен құрған астындағы империя тағын шайқаумен тең еді. Қалыптасқан жандармдық тәртіп жағдайында ондай съезді өткізіп, оның шешімдерін іске асыру мүмкін еместігін жақсы түсінген қазақ зиялыларының А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейханов бастаған тобы жалпықазақ съезін шақыруға үзілді-кесілді қарсы шықты¹⁴⁵.

Оның үстіне көп ұзамай 1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен патша өкіметі тыңшылары азаттық қозғалыс жетекшілерінің ұлттық мүддені қорғау жолындағы әрекетін “түрік және герман үгітінің” әсерімен байланыстыруды әдетке айналдырған жағдайда жалпы қазақ съезін өткізу тіптен мүмкін емес-тін.

Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы қазақ халқының хал-ахуалын күрт төмендете түсті. Соғыс шығындарын жабуға байланысты қазақтардың мойнына тағы бір салық-соғыс салығы түсті. Т.Рысқұловтың келтірген мәліметі бойынша соғыс басталған алғашқы жылдары Түркістан өлкесінен 40 899 244 мың пұт мақта, 299 мың пұт сабын, 473 мың пұт балық, 300 мың пұт ет, 70 мың жылқы, 12 797 түйе, 3 109 мың пұт мақта майы, 13 441 киіз үй алынған¹⁴⁶. Тек 1914 жылдың өзінде Жетісу облысынан 34 млн. сомның малы мен шаруашылық өнімдері жиналып алынды. Уақыт өткен сайын соғысқа байланысты отарлық билік орындары жергілікті халық төлейтін салықтың көлемін ұлғайта түсті. Мәселен, 1915 жылы Жетісу облысы үшін земство салығы ұлғайтылып, оның көлемі облыс бойынша 454 мың 850 сом болып белгіленді. Осы салықтың 324 мың 881 сомын қазақтар, 37 мың 240 сомын қоныс аударған орыс шаруалары төлейтін болды¹⁴⁷. 1914-1916 жылдар аралығында Жетісу облысында әр түтінге салынатын салық 3 сомнан 8 сомға дейін өсті¹⁴⁸. Сонымен Жетісу өңірінен әскер қатарына шақырылған орыс шаруаларының егістік алқаптарында қазақтар еңбек етуі тиіс болды. Жетісу облысының әскери-губернаторының 1916 жылдың 16 ақпанындағы бұйырығына сәйкес әскер қатарына алынғандардың егіндік жерлерінде қазақтар мен қырғыздар еңбек еткені үшін еңбекақы сұрамаулары тиіс еді¹⁴⁹. Бұратана халықтардан майдан жұмысына адамдар алу туралы 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығынан соң бүкіл қазақ даласындағы секілді Жетісу өңірінде де ауыр жағдай қалыптасты. Бір жағынан, майданның қара жұмысына адам бермеймін деп қарапайым халық көтерілсе, екінші жағынан, қайтсем де аламын деп үкімет орындары күшке көшуге дайындалып жатты. Міне, осындай жағдайда, М. Тынышпаев дәл басып көрсеткендей, аз ғана қазақ зиялылары екі бірдей оттың ортасында қалды¹⁵⁰. “Жаңа басталған

ұлттық бас көтеру жағдайында ресми билік орындары қазақ зиялыларына қозғалыстың ұйымдастырушылары ретінде сезіктене қараса, ал қарапайым қазақ болса оларға патшалық зорлыққа өздері қарсы қойған заңды наразылығын қолдай қоймағандығына түсінбей қарады”¹⁵¹.

1916 жылғы 25 маусым жарлығы шығып, халық наразылығы бұрқ ете түскенде мәселенің мән-жайын жақсы білетін қазақ зиялылары бірден жұртты ашуды тиып, ақылға келуге шақырды. Өйткені қанша наразылық көрсеткенімен, күштің тең еместігі, қарулы қарсылықтың қан төгумен аяқталатындығы айқын болатын. Оның үстіне отаршыл әкімшіліктің мұндай сәтті қазақ қоғамы үстінен өзінің саяси билігін күшейте түсу, қоныс аударушыларға тағы да жаңа жерлер алып беру үшін пайдаланып кетуі мүмкін екендігін қазақ зиялылары жақсы түсінді. Сондықтан да олар көтерілістің алғашқы күндерінен бастап халық арасында көтеріліске шықпауға шақырған үгіт жүргізді. Мәселен, Ы. Жайнақов Жетісудағы көтерілістің алдында қалыптасқан жағдайға байланысты Верный полицмейстеріне берген жауабында мынадай мәліметтерді келтіреді: “Верный уезіндегі қырғыздардың арасындағы толқу жөнінде естіп және соған дейін менің жерлестерім шенеунік Шегіров пен дәрігер Жақыпбаевтың жүргізген үгітінен ештеңе шықпағанын біліп, 13 шілде күні мен облыстың әскери-губернаторы мырзадан қырғыздарға жоғары мәртебелінің жарлығының мағанасын түсіндіріп, оған көнуге шақыру үшін Верный қаласында үлкен Алматы болыстығындағы басшы адамдардың кеңесін өткізуге рұқсат алдым. 14 шілде күні шақырылған адамдар келіп, менің үйімнің ауласында жиналыс өтті.” Кеңеске жиналғандар екіге бөлініп, Жайнақовтың басу айтуын қабылдамаған топ Тоқаш Бокинді қолдаған¹⁵².

Жетісу облысында мұндай үгіт-насихат жұмысын ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының белгілі қайраткерлерінің бірі Отыншы Әлжанов та жүргізген. Ол жөнінде М. Дулатов 1918 жылы жазған мақаласында былай деп көрсеткен: “Отыншы 5 жылын Жетісу облысындағы Қытаймен шектес Лепсі қаласында өткізді. Қазақ даласының қараңғы бір түпкіріне айдалып барған Отыншы 5 жыл жүргенде Еуропа соғысы, онан кейін 25 маусымның қанды жарлығы шығып қалған еді. Отыншы үркіген елге тоқтау айтып, көбінесе қан төгілетініне жұрттың көзін жеткізіп, тағы да сол елге қызмет етіп қалды”¹⁵³.

Халықты қарулы көтеріліске шықпауға шақырып М. Тынышпав та үгіт жұмысын жүргізген болатын. Ол 1917 жылы ақпанда 16 жылдағы Жетісудағы көтеріліске байланысты сот тергеуіне берген жауабында “Ташкентке жаңа келген генерал Куропаткиннің қабылдауында бірінші рет

(10 тамызда) болғаннан соң, мен Пішпек қырғыздарын тынышталуға шақырып жеделхат жөнелттім” деп көрсетеді¹⁵⁴.

Тыл жұмысына “бұратаналарды” алу туралы жарлық жергілікті халықтың көтеріліске шығуына түрткі ғана болды. Бұл туралы Т. Рысқұлов: “Түркістанның жергілікті халқын патшалық отаршылдық өктемдікке қарсы көтеріліске итермелеген ең басты себептердің әлдеқайда елеулі негіздер бар еді. Бұл негіздер патша өкіметі өзі билеп-төстеген 50 жыл ішінде Түркістанды отаршылдық қанауға салуы салдарынан орын алған терең экономикалық және саяси қайшылықтарында жатқан еді. Сондықтан әбден шыдамы таусылған жергілікті халықтың жан төзгісіз езгіге жаппай қарсы шығуынан басқа амалы қалмады”¹⁵⁵ - деп жазған еді. Ал 1916 жылғы оқиғалардың куәгері болған Г.И. Бройдо Ташкент сот палатасының прокурорына берген көрсетуінде “көтеріліс отарлық билік орындарының арандатуынан туындады, отарлық билік орындары көтеріліске шыққан қазақ-қырғыздарды қырып-жою арқылы олардың жеріне иемденіп қалғысы келді” деген пікір білдірген¹⁵⁶.

Жетісу өңірінде басталған көтерілістің жетекшілері ретінде Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәменке Мәмбетов, Тоқаш Бокин, Әубәкір Жүнісов, Серікбай Қанаев, Монай және Мұқан Ұзақбаевтар танылды. Жаркент уезіндегі көтерілісшілерге басшылық еткен Ж. Мәмбетовтың ұйымдастыруымен 6 шілде күні 16 болыстың өкілдері бас қосқан жиын өтіп, “ақ патшаның жарлығына мойынсыбау,” билік орындарына қарулы қарсылық көрсету жөнінде шешім қабылданды. 7 шілдеде Верный уезі қазақтарының Ұшқоңыр шатқалында өткен кеңесінде де тура осындай шешім қабылданып, жергілікті билік орнына мәлімделген болатын¹⁵⁷.

1916 жылы 17 шілдеде Түркістан өлкесінде әскери жағдай жарияланды. Патша өкіметі өлкедегі әскери гарнизондарды нығайтып, қырғыз және қазақ көтерілісшілерін жазалау мақсатында қоныс аударған орыс шаруаларынан қарулы отрядтар құрды. Түркістан генерал-губернаторының Жетісудағы “бүлік” жөнінде патшаға жолдаған мәлімдемесінде: “Қырғыздардың бүлігі жайындағы алғашқы хабар 6 тамызда түсті. Осы күні Верный уезінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі екі болыс тыл жұмысына алынушылардың тізімін жасауға келген уез бастығының орынбасарына қарулы қарсылық көрсеткен. Сондай-ақ Верныйдан 80 шақырым жердегі Самсы елдімекені маңында қырғыздардың бір тобы телеграф бағаналарын қиратып, пошта байланысына нұқсан келтірді. Олар 9 тамызға қарай Верный мен Қордай арасындағы пошта станицаларын толығымен қиратты. Пішпек, Пржевальск

және Жаркент уезінің таулы аймақтары көтерілістің негізгі ошағына айналды. Бұл жерлердегі орыс поселкелері қиратылды. Ондағы тұрғындар Тоқмақ поселкесіне, Пішпек және Пржевальск қалаларына келіп паналауда. Тек бір ғана Пржевальск уезінде орыс қоныс аударушыларының 6024 отбасы зардап шегіп, бар мүлкінен айырылды. Жетісу қырғыздарын тыныштандыру үшін 3 дружина, 7 атқыштар ротасы, 14 зеңбірекпен қаруланған 5 казак жүздігі аттандырылды. Оның үстіне Семейден Сібір казактарынан 9 полк Верныйға жіберілді,”- дей отырып, тамыз-қыркүйек айларында орыс тұрғындарынан Верный уезінде - 16, Жаркент уезінде - 32, Пішпек уезінде - 98, Пржевальск уезінде - 2179 адамның өлгенін, облыс бойынша 1384 адамның хабар-ошарсыз жоғалып кеткенін айтады¹⁵⁸.

Осылайша көтерілісшілер орыс селоларына шабуылдар жасап, сол арқылы өзінің патшалық биліктің отаршыл саясатына деген шексіз наразылығын білдірді. Соның салдарынан мәселен, Пржевальск уезінде жиырма село түгелдей өлтіріліп, мал мен мүліктері талан-таражға түсті¹⁵⁹. Мұның өзі өз кезегінде өңірдегі ұлтаралық қатынастың шиеленісіне түсуіне алып келді. Жеркенттегі қоныс аудару мекемелерінің меңгерушісі жазған қатынас хатында көтерілістің ұлтаралық сипат алып бара жатқанын мойындап: “Көтерілістің орыс тұрғындарына деген жаулығы тура Әндіжан көтерілісіндегідей анық байқалып отыр”¹⁶⁰, - деп жазды.

Жетісу облысының әскери-губернаторы Фольбаум 18 қыркүйекте генерал Куропаткинге жолдаған жеделхатында: “Орыс қаны төгілген жердің бәрі де түземдіктердің қолынан алынады. Мұндай кек алу орыстар тарапынан айқын көрінуде. Бірақ нақтылы нұсқау керек. Мәселен, Ыстық көл жағалауы, Кебен аңғары, Қастек алқабында орыс қаны молынан төгілген. Осы жерлердің бәрі қырғыздарға болашақта орналасуға тиым салынған кеңістікке айналады деп ойлаймын”¹⁶¹ - деп жазып, көтерілістің шығуын пайдаланып, қазақтар мен қырғыздарды өз атамекенінен ығыстырып шығуды көздейтіндігін білдірді.

Осындай мақсатпен шыққан жазалаушы отрядпен Жаркент уезіндегі Асы жайлауында, Қарқара таулы алқабында, Шарын, Нарынқол елді мекендерінде, Лепсі уезінің Садыр-Матай болыстығында көтерілісшілердің ірі қақтығысулары болды. Бірақ, нашар қаруланған, бытыраңқылық жағдайындағы көтерілісшілер жазалаушы отрядтың соққысана төтеп бере алмай жеңіліс тауып жатты. 13 тамызда Верный уезінің көтерілісшілері талқандалып, олардың жетекшісі Бекболат Әшекеев тұтқындалды. Қолға түскен Б. Әшекеев Верный әскери гарнизоны сотының шешімімен өлім жазасына кесіліп, 9 қыркүйекте дарға асылды¹⁶².

Патша әскери мен орыс қоныс аударушыларының қарулы жасақтары жасаған ойран Жетісу халқына бұрын болмаған қайғы-қасірет әкелді. Қазақ пен қырғыздардың 94 ауылы бүліншілікке ұшырады, соның ішінде 5373 үй өртеліп, 1905 адам өлді, 684-і жараланды, 1105 адам тұтқынға алынды. Жетісу облысының жергілікті халқының төрттен бір бөлігі, яғни шамамен 300 мың адам Қытай жеріне барып паналауға мәжбүр болды немесе қуып тасталынды¹⁶³. М.Тынышпаевтың есебі бойынша, Жетісу облысына қарасты Алматы, Жеркент, Пішпек, Пржевальск уездеріндегі 44 болыста тұратын 47 мың 759 түтіннің 40 мың 250 түтіні Қытай асқан¹⁶⁴. Бір ғана Верный уезіндегі Қызылбөрік болысындағы 1129 отбасының 263-нен өзгесі Құлжаға ауып кетті¹⁶⁵.

1916 жылы қыркүйек айының ортасында Мемлекеттік Думаға түсірілген депутаттық сұрауға сәйкес патша жарлығын орындау барысында жіберілген заңсыздықтарды, көтеріліске байланысты туындаған оқиғалармен болған жерінде танысу үшін Дума мүшелері А.Ф. Керенский мен Қ. Тевкелев, мұсылман фракциясының бюро мүшелері М. Шоқай мен Ш. Мұхаммедияров Түркістанға келіп қайтты¹⁶⁶.

Мемлекеттік думаның 1916 жылы 13 желтоқсандағы жабық мәжілісінде Түркістан өлкесінде болған оқиғалар талқыға түсті. Мәжілісте бұл мәселе бойынша баяндама жасаған А.Ф.Керенский Түркістан өлкесінде 1916 жыл ойранын ұйымдастырған және бастан аяқ “бұл іске жауапкер тек патша өкіметі” деген тұжырым жасап, “кінәсіз ондаған мың адамды өлімге душар еткен” отарлық жүйені өзгертуді, Түркістанды басқаруда жергілікті халықпен санасатын жаңа тәртіп енгізуді күн тәртібіне қою керектігін ұсынған болатын¹⁶⁷. Белгілі қайраткердің бұл мәлімдемесі Түркістан өлкесіндегі отаршыл билік жүйесінің терең дағдарысқа ұшырағандығын Мемлекеттік дума мінбесінен ашық мойындаудың өзі болатын.

Осылайша, Ресей империясындағы саяси биліктің дағдарысы 1917 жылға қарай өзінің шарықтау шегіне жетіп, күйреу жолына түсті. 1917 жылы Ақпан революциясы нәтижесінде патша өкіметінің құлауын қазақ қоғамы зор қуынышпен қарсы алды. Қазақ елін тәуелділікте ұстаған саяси жүйенің тарих сахнасынан кетуін ұлттың көзі ашық азаматтары мемлекеттік бостандыққа қол жеткізетін сәт ретінде қабылдады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Англиямен бақталастық барысында Орта Азияны өзіне біржола қаратып алу саясатына кірісіп кеткен Ресейдің Батыс Сібірден бұл аймаққа тереңдеп ену

әрекеті тек Жетісу арқылы ғана өріс алуы мүмкін еді. Ресей Жетісуға келгенде осы мезгілге дейін бұл өңірді билеп-төстеген Қоқан хандығы тарапынан да, қазақ және қырғыз күштерін біріктіруден үміттенген Кенесары Қасымұлы қолдары жағынан да елеулі қарсылыққа ұшыраған жоқ.

Ресей билігі Жетісу мен Солтүстік Қырғызстанды алу барысында өзін тәжірибелі отарлаушы ретінде көрсетті. Ол өзін экономикалық мүмкіндігі төмен, өзара ауызбірлігі жоқ, дұрдараз, оның үстіне ортағасырлық Қоқаннан қорлық көрген қазақ пен қырғыздарға жарылқаушы, қамқор “әке” ретінде көрінуге тырысты. Олардың бітпейтін өзара дауына төрелік айтты, барымтаға, ұрлық-қарлыққа қарсы екендігін байқатты, тәртіпке шақырды. Жергілікті халықтың көзі, еті үйренгенше қылышын сүйретіп алым-салық жинай қойған жоқ. Ең негізгісі халықтың бас көтерер төрелері мен билері, манаптарын сылап-сипап бауырына тартып, түрлі әскери атақтарын, сыйсияпатын берді. Орыс билігінің бұл стратегиялық әдісі өз нәтижесін берді, өзін толық ақтады.

Сонымен бірге орыс әкімшілігі қазақ пен қырғыз арасындағы жүз, руаралық қатынастардың қыр-сырын өз мамандарына арнайы зерттетіп, халықтың әлі де болса пісіп-жетілмеген ұлттық таным, сана-сезімдегі кемшіліктерін өз отарлаушылық мақсатына ұтымды пайдалана білді. Бұл істе орыс билігінің жүгін ел ішіндегі өресіз сұлтандар мен феодалдар біраз “жеңілдете” түсті.

1867-1868 жылдары жүргізілген әкімшілік-басқару реформасы нәтижесінде енгізілген ресейлік билік жүйесі жергілікті халықтың қоғамдық өміріндегі ерекшеліктері мен табиғи мүддесін есепке алу негізінде емес, отарлаушы жақтың талап-тілегін тезірек орнықтыру мақсатында жоғарыдан таңылған мемлекеттік аппарат болып шықты. Сондықтан да ол төңірегін “бұратаналар” теңізі қоршаған отаршыл әкімшілік “аралын” еске салды, басқаша айтқанда оның жергілікті халықтың күнделікті тіршілігі мен өміріне тереңдеп еніп, оларды түбегейлі өзгертуге қажет даярлығы болған жоқ. Жергілікті халықтың тұрмысын, оның экономикалық және мәдени жағдайын өзгертуге байланысты оның белгілі бір мақсатты әрекеті де байқалаған жоқ-тын. Облыстық әкімшілік құрамындағы межелеу және құрылыс бөлімдері, олардың аты көрсетіп тұрғандай, негізінен қоныс аудара келген еуропалықтардың жағдайы үшін ашылған бөлімдер еді. Сондықтан да бастапқы кезеңдегі Г.А.Колпаковский сияқты жеке тұлғалар қызметінің жалпы алғанда өлкеге түбегейлі өзгеріс алып келуі, әрине, екі талай нәрсе болатын. 1867-1868 жылдары қазақ жеріне орнатылған әкімшілік-басқару жүйесі ең жоғарғы сатысы генерал-губернатор кеңсесінен бастап оның ең

төменгі сатысы болыс басқарушы мен ауыл старшынына дейін бүтіндей ғасырлар бойы ішкі ресейлік тарихи шындық жағдайында қалыптасқан басқару жүйесі болатын.

Біріншіден, жаңа басқару жүйесін енгізе отырып орыс әкімшілік орындары қазақ қоғамындағы рулық қатынастарды, сол тұстағы әкімшілік орындары пайдаланған ұғыммен айтар болсақ “рулық негізді” жоюды көздеді. Реформа авторларының түсінігі бойынша орыс билігінің қазақ қоғамына енер жолында көлденең тұрған негізгі кедергі осы рулық фактор, оның негізгі сыртқы көрінісі болған ру басылары мен рудың ықпалды байлар тобы еді.

Екіншіден, орыс билік орындарының қазақ қоғамына сайлау жүйесін енгізе отырып көздеген мақсаты да ру басылары мен қуатты әлеуметтік топтардың халыққа ықпалын әлсірету болатын. Патшалық билік өзінің бұл пиғылын әсіресе “1868 жылғы Дала облыстарын басқару жөніндегі уақытша Ережеде” ашық байқатты. Бұл іс жүзінде қазақ қоғамындағы осы уақытқа шейін болып келген сословиялық жіктеулерді жою, яғни сұлтан, бай, батыр және басқа әлеуметтік категорияларды “ауыл тұрғындарына” теңгеру еді.

Жаңа “Ереже” жобасы бойынша болыстық және ауылдық әкімшіліктердегі қызметкерлерді сайлау, салықты ауыл және жеке отбасыларына бөлу және басқа қоғамдық істерді атқару түгелдей бұрынғы ақсүйек, ықпалды топтарға емес, ауылдастар сайлаған елубасылары мен онбасылардың құзырына берілген-тін. Жаңа тәртіптің ең түйінді жері де осы тұс болатын. Орыс билігі қазақ бұқарасына ықпал үшін күресте белсенділікті өз қолына алуға тырысты.

Үшіншіден, орыс билігі қазақ ауылына жаңа басқару жүйесін енгізе отырып жергілікті халық арасынан өзіне әлеуметтік сүйеніш болатын жаңа саяси топты қалыптастырудан үметтенді.

Төртіншіден, енгізілген басқару жүйесі, егер оған жұмсалған қаржы тұрғысынан келсек, мемлекет үшін өте арзан билік болатын.

Әрине, Жетісуға орыс билігімен бірге ере келген түрлі жағымды жаңалықтарды жоққа шығару әділдік болмас еді. Дәстүрлі мал шаруашылығы жергілікті қазақ және қырғыз халықтарының негізгі тіршілік көзі болып қала берді. Мұнда қоныс аударма келген орыс шаруа қожалықтары үшін ХХ ғасыр басында ашыла бастаған ауыл шаруашылығына қажет техникалық құрал-жабдықтар қоймасы, белгілі дәрежеде, жергілікті қазақ қожалықтарына да қызмет жасай бастады. Көрші отырықшы орыс селоларынан қысқа пішен даярлау ісінің артықшылығына көзі жеткен қазақ

кожалықтары бұл тәжірибені өздері де кең түрде қабылдай бастайды. Осы мезгілде қазақтардың мал шаруашылығына әлсіз дәрежеде болса да ветеринарлық қызмет енгізіле бастады. Тұрғындарға арналған дәрігерлік көмек белгі берді. Облыс және уез орталықтары өзара дөңгелекті транспортқа бейімделген жолдармен жалғастырылды. Облысқа почта-телеграф жүйесі келді. Ресейден келіп қоныстанушылардың егін шаруашылығына бейімделген гидротехникалық құрылыстар түсті. Аз көлемде болса да орыс-түзем мектептері ашылды.

Ортағасырлық бұйығы қоғамдық қатынастар торына шырмалған Жетісу елі ендігі уақытта Еуропалық Ресейдің қоғамдық-саяси жүйесіне тартылып қана қойған жоқ, сонымен бірге экономикалық және мәдени өміріне де біртіндеп ене бастайды. Бұл процесс өңірдің жергілікті халқы үшін жеңіл болған жоқ. Өңір енді ғана қарқынды капиталистик даму жолына түскен метрополияның арзан шикізат көзіне айнала бастады, ал оның халқы ұлы державалық кемсіту мен қорлауды басынан кешіруге мәжбүр болды.

Сондай-ақ Жетісу жерінде тамыр жайғанына жарты ғасырға жуық мерзім болған империялық билік көп ұзамай-ақ өзінің осал жақтарын айқын көрсете бастайды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың иіріміне тартылған Ресейдің Қазақстан сияқты шет аймақтарында саяси биліктің бұрыннан пісіп жетіліп келе жатқан қайшылықтары енді терең дағдарысқа ұласты.

Жетісу өңірінде жер мәселесінің шиеленісуінен туындаған қақтығыстар жыл өткен сайын жиілей түсті. Орталық билік орындары қазақтар арасындағы аграрлық толқуларды басуда әскери-полициялық аппаратқа ғана емес, өзінің әлеуметтік-саяси тірегіне айнала бастаған қоныс аударма келген шаруалар мен басқа әлеуметтік топтарға да сенім артты.

XX ғасырға жаппай сауатсыздық сияқты қоғамдық мәселені шеше алмаған күйде жеткен елдердің бірі Ресей мен оның құрамындағы отар аймақтар болды. 1897 жылғы бүкілресейлік халық санағы империядағы тұрғындардың 21,1 пайызының ғана сауатты болғанын көрсетті. Жетісу облысы тұрғындарының бар болғаны бес пайызы ғана оқи алды. Жетісу облысы Ресей империясындағы 89 губерния мен облыстар арасында сауаттылық деңгейі жағынан 86 орынды иеленді. Бұл көрсеткіш патшалық биліктің өркениетті функциясының дәреже-деңгейінен хабар берсе керек.

Жергілікті халықтың Патшалық билікке қарсы пісіп жетілген наразылығы 1916 жылғы қарулы көтеріліске ұласты. Мемлекеттік думаның осы жылғы 13 желтоқсан күнгі жабық мәжілісінде Түркістан өлкесіндегі билікке қарсы

көтеріліс жөнінде баяндама жасаған депутат А.Ф.Керенский ойранды ұйымдастырған және бастан аяқ “бұл іске жауапкер тек патша өкіметі” деген тұжырым жасады. Түркістанды басқару ісінде жергілікті халықпен санасатын жаңа тәртіп енгізуді күн тәртібіне қойды. Белгілі мемлекет қайраткерінің бұл мәлімдемесі жалпы Түркістан өлкесінде, оның құрамды бөлігі Жетісу жеріндегі отаршыл билік жүйесінің терең дағдарысқа ұшырағандығының Мемлекеттік дума мінбесінен ашық мойындаудың өзі болатын.

Осылайша, Ресей империясындағы саяси биліктің дағдарысы 1917 жылға қарай өзінің шарықтау шегіне жетіп, біржола күйреу жолына түсті.

Ескертулер

¹ ОР ОММ. и-1-қ., 14-т., 25-іс, 1-2-пп.

² Сонда.

³ Сонда. и-1-қ., 14 -т., 25-іс, 1 об. п.

⁴ Сонда. 29-30-пп.

⁵ Леденев Н.В. История Семиреченского казачьего войска. Верный, 1908. С. 88-89.

⁶ Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. Т. 2-3. СПб., 1906. С. 268.

⁷ Иванов А. Русская колонизация в Туркестанском крае / Русский вестник. 1890, № 16. С. 192.

⁸ ОР ОМА. И-1-қ., 1-т., 436-іс, 10-11-пп.

⁹ Вопросы колонизации. 1914, № 15. С. 426.

¹⁰ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995. 28-б.

¹¹ Проект всеподданейшего отчета генерал-адъютанта К.П. Кауфмана. СПб., 1885. С. 151-159.

¹² ҚР ОММ. 39-қ., 1-т., 239-іс, 38-п.

¹³ ҚР ОММ. 19-қ., 1-т., 26-іс, 139-140-пп.

¹⁴ Материалы для статистики Туркестанского края. Под ред. Маева. Вып. 1, СПб., 1872. С. 196-198.

¹⁵ ОР ОММ. и-1-қ., 27-т., 38-іс, 2-п.

- ¹⁶ Обзор Семиреченской области за 1882 г. Верный, 1884. С. 3.
- ¹⁷ ОР ОММ. и-1-қ., 27-т., 38-іс, 3-п. 53
- ¹⁸ Кауфман А.А. Переселение и колонизация. СПб, 1905. С. 31.
- ¹⁹ ОР ОММ. И-1-қ., 27-т., 38-іс, 3-п.
- ²⁰ Сонда. 4-п.
- ²¹ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы... 34-б.
- ²² ОР ОММ. И-1-қ., 16-т., 13-іс, 8-п.
- ²³ Обзор Семиреченской области за 1907 г. Верный, 1908. С. 1.
- ²⁴ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы... 35-б.
- ²⁵ ҚР ОММ. 33-қ., 1-т., 37-іс, 30-п.
- ²⁶ Сонда. 19-қ., 1-т., 38-іс, 5-п.
- ²⁷ Обзор переселения и землеустройства за Уралом за 1906-1910 г.г./ Вопросы колонизации. 1912, ф 10. С. 260.
- ²⁸ Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенный сенатром Паленом. СПб., 1910. С. 57.
- ²⁹ Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры. Алматы, 1995. 186-б.
- ³⁰ Васильев В.А. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. Пг., 1905. С. 85.
- ³¹ ОР ОММ. 7-қ., 1-т., 5059-іс, 41-п.
- ³² Сонда. 687-іс, 13-18-пп.
- ³³ Жемчужников Н.Н. Движение на восток к вопросам переселения, землеустройства и колонизации. М., 1927. С. 41.
- ³⁴ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы... 36-б.
- ³⁵ ҚР ОММ. 19-қ., 1-т., 1260-іс.
- ³⁶ Сонда. 25-26-пп.
- ³⁷ Сонда. 30-32-пп.
- ³⁸ Сонда. 41-іс, 29-п.

- ³⁹ ОР ОММ. 7-қ., 1-т., 670-іс, 4-п.
- ⁴⁰ Всеподданейший доклад Туркестанского генерал-губернатора о положении Туркестанского края в 1909 г. Официальное издание. С. 28.
- ⁴¹ ҚР ОММ. 19-қ., 1-т., 2049-іс, 4-п.
- ⁴² Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1907-1914 г. Сборник документов и материалов. Составители: Ф.Н. Киреев, Ф.И Колодин. Алма-Ата, 1957. С. 77-79.
- ⁴³ Пален К.К. Отчет по ревизии Туркестанского края. Переселенческое дело. СПб., 1910. С. 50.
- ⁴⁴ Современник. 1912. Кн. 2. С. 286.
- ⁴⁵ ҚР ОММ. 19-қ., 1-т., 38-іс, 1-п.
- ⁴⁶ Сонда. 48-іс, 5-п.
- ⁴⁷ Сонда. 396-іс, 209-п.
- ⁴⁸ Сонда. 1390-іс, 35-п.
- ⁴⁹ Сонда. 2049-іс, 10-п.
- ⁵⁰ Галузо Г.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана. Алма-Ата, 1965. С. 219.
- ⁵¹ Есболұлы М. Түркістандағы келімсектер орнаған аудандардағы жер мәселесі. Ташкент, 1923. 13-б.
- ⁵² Васильев В.А. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины... С. 135.
- ⁵³ ОР ОММ. и-1-қ., 16-т., 13-іс, 14-п.
- ⁵⁴ Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). М.: Госиздат. 1921. С. 75.
- ⁵⁵ ОР ОММ. и-1-қ., 16-т., 13-іс, 19-п.
- ⁵⁶ Туркестанские ведомости. 1907, № 76, 19 июня. 54
- ⁵⁷ Рыскулов Т. Из историй революционной борьбы в Казахстане / Революция и национальности. 1935, №11. С. 37.
- ⁵⁸ Седельников Т. Борьба за землю в киргизской степи. СПб., 1907. С. 77-78.

- ⁵⁹ Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1907-1914 г. С. 36-38.
- ⁶⁰ ҚР ОММ. 77-қ., 1-т., 391-іс, 9-10-п.
- ⁶¹ Сонда. 44-қ., 2-т., 6931-іс, 57-п.
- ⁶² Остроумов Н.П. Способны ли кочевые народы Азии к усвоению христианской веры и христианской культуры. М., 1886. С. 15.
- ⁶³ ӨР ОММ. и-1-қ., 31-т., 1249-іс, 27-п.
- ⁶⁴ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 1507-іс, 1-п.
- ⁶⁵ Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? Алматы, 1933. 31 б.
- ⁶⁶ ӨР ОММ. и-1-қ., 3-т., 675-іс, 4-п.
- ⁶⁷ ҚР ОММ. 64-қ., 1-т., 436-іс, 10-15-пп.
- ⁶⁸ Кеменгерұлы Қ. Қазақ тарихынан. М.: КСРО халықтарының кіндік баспасы. 1924. 25-26-бб.
- ⁶⁹ Жаркенова А.М. Население Казахстана по первой всеобщей переписи 1897 г. (демографический анализ). Автореферат дис. канд., Алматы, 2002. С. 22-23.
- ⁷⁰ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 48265-іс, 121-п.
- ⁷¹ ӨР ОММ. и-1-қ., 27-т., 1-іс, 1-4-пп.
- ⁷² Сонда. 17-п.
- ⁷³ Сонда. 19-іс, 5-8-пп.
- ⁷⁴ Сонда. и-47-қ., 1-т., 106-іс, 2-п.
- ⁷⁵ Сонда. и-1-қ., 27-т., 1-іс, 12-п.
- ⁷⁶ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 36774-іс, 59-п.
- ⁷⁷ Сонда. 26012-іс, 114-115-пп.
- ⁷⁸ Думенко М.Ф. Русско-туземные школы Туркестана. Ташкент: Учпедгиз, 1957. С. 5.
- ⁷⁹ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 22356-іс, 74-п.
- ⁸⁰ Сонда. 26012-іс, 13-п.

- ⁸¹ Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. т. 1. Лепсинский уезд. Спб., 1911. С. 306; т. 2. Копальский уезд. Спб., 1911. С. 157.
- ⁸² ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 48280-іс, 41-п.
- ⁸³ Сонда. 64-қ., 1-т., 2674-іс, 5-7-пп.
- ⁸⁴ Ильминский Н.И. Из переписи по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. Казань, 1883. С. 20.
- ⁸⁵ История Казахстана. В пяти томах. Т. 3. Алматы, 2000. С. 525.
- ⁸⁶ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 48226-іс, 54-п.
- ⁸⁷ Сонда. 32721-іс, 685-п.
- ⁸⁸ Сонда. 684-п.
- ⁸⁹ Сонда. 686-п.
- ⁹⁰ Сонда. 952-іс, 3-4-пп.
- ⁹¹ ӨР ОММ. и-47-қ., 1-т., 657-іс, 3-5-пп.
- ⁹² ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 48280-іс, 41-п.
- ⁹³ ӨР ОММ. и-1-қ., 32-т., 384-іс, 9-п.
- ⁹⁴ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 20012-іс, 14-п.
- ⁹⁵ ӨР ОММ. 47-қ., 1-т., 1149-іс, 55-п.
- ⁹⁶ Тәржіман, 1904, 9 қаңтар. № 2.
- ⁹⁷ ӨР ОММ. 47-қ., 1-т., 1149-іс, 56-п.
- ⁹⁸ Сонда. и-1-қ., 31-т., 943-іс, 37-п. 55
- ⁹⁹ Сонда. 83-п.
- ¹⁰⁰ Сонда. и-47-қ., 1-т., 227-іс, 11-п.
- ¹⁰¹ Сонда. 3531-іс, 17-п.
- ¹⁰² Сонда. 3055-іс, 72-п.

- ¹⁰³ Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенный по величайшему повелению сенатором Паленом. Вып. ИВ. Учебное дело. СПб., 1910. С. 135.
- ¹⁰⁴ Сонда. 137-б.
- ¹⁰⁵ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 24236-іс, 95-п.
- ¹⁰⁶ Сонда. 204-п.
- ¹⁰⁷ ӨР ОММ. 47-қ., 1-т., 3381-іс, 390-п.
- ¹⁰⁸ Богданов И.М. Грамотность и образование в дореволюционной России и СССР. М., 1963. С. 62.
- ¹⁰⁹ Сонда. 64-б.
- ¹¹⁰ ӨР ОММ. и-1-қ., 20-т., 1753-іс, 14-п.
- ¹¹¹ История Узбекистана. Ташкент, 1995. С. 145.
- ¹¹² История и историография национально-освободительных движений второй половины XIX-XX в.в. Средней Азии и Казахстане. Ташкент, 1989. С. 219.
- ¹¹³ Шоқай М. Тандамалы. 2-т. Алматы, 1999. 267-б.
- ¹¹⁴ ӨР ОММ. и-1-қ., 29-т., 77-іс, 17-п.
- ¹¹⁵ ҚР ОММ. 64-қ., 1-т., 5572-іс, 2-п.
- ¹¹⁶ Сонда. 5587-іс, 12-п.
- ¹¹⁷ Галузо П.Г. Вооружение русских переселенцев в Средней Азии (исторический очерк). Ташкент, 1926. С. 5.
- ¹¹⁸ ҚР ОММ. 41-қ., 1-т., 252-іс, 340-п.
- ¹¹⁹ ӨР ОММ. и-17-қ., 1-т., 17654-іс, 58-п.
- ¹²⁰ Сонда. и-1-қ., 2-т., 124іс, 18-19-пп.
- ¹²¹ Сонда. 15-п.
- ¹²² Сапарғалиев Г.С. Карательная политика царизма в Казахстане. Алматы, 1996. С. 73.
- ¹²³ ҚР ОММ. 124-қ., 1-т., 7-іс, 28-30-пп.

- ¹²⁴ Зайнчковский П.А. Кризис самодержавие на рубеже 1870-1880 годов. М., 1964. С. 402.
- ¹²⁵ ӨР ОММ. и-1-қ., 27-т., 659-іс, 22-49-пп.
- ¹²⁶ Сонда. 77-п.
- ¹²⁷ Кривков А.Л. К вопросу о террористической деятельности революционеров Южного Казахстана // Отан тарихы, 2000, № 1-2. С. 158.
- ¹²⁸ Тынышпаев М. История Казахского народа. Алматы, 1993. С. 27.
- ¹²⁹ Перегудова З.И. Политический сыск России (1887-1917). М.: РОССПЭН, 2000. С. 123-124.
- ¹³⁰ ӨР ОММ. и-461-қ., 1-т., 1026-іс, 26-п.
- ¹³¹ Сонда. 75-76-п.
- ¹³² Сонда. 85-87-пп.
- ¹³³ Сонда. 1025-іс, 5-6-пп.
- ¹³⁴ Сонда. 1172-іс, 246-п.
- ¹³⁵ Сонда. 2 а іс, 195-196-пп.
- ¹³⁶ Галузо П.Г. Туркестан - колония (Очерки истории колониальной политики русского царизма в Средней Азии). Ташкент, 1926. С. 199.
- ¹³⁷ ӨР ОММ. и-461-қ., 1-т., 1319-іс, 31-32-пп.; и-1-қ., 31-т., 1009- іс, 87-89-пп.
- ¹³⁸ Сонда. и-461-қ., 1-т., 1172-іс, 131-п.
- ¹³⁹ Сонда. 1-п.
- ¹⁴⁰ Сонда. 2-3-пп. 56
- ¹⁴¹ Сонда. 41-42-пп.
- ¹⁴² Нұрпейисов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995. 49-50 б.б.
- ¹⁴³ //Айқап, 1913, № 16, 356-б.
- ¹⁴⁴ Өзбекұлы С. Барлыбек Сыртанов. Алматы, 1996. 28-29-б.б.
- ¹⁴⁵ //Қазақ. 1913, № 18.

- ¹⁴⁶ Рыскулов Т. Восстание туземцев Туркестана в 1916 году // Восстание киргизов и казахов в 1916 году. Бишкек, Учкун, 1991 С. 43.
- ¹⁴⁷ Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Алматы, 1995. 270-б.
- ¹⁴⁸ ӨР ОММ. и-1-қ., 31-т., 2061-іс, 152-п.
- ¹⁴⁹ Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстана. Сборник документов. Под ред. А.В. Пяковского. М., 1960. С. 37.
- ¹⁵⁰ Тынышпаев М. История казахского народа... С. 42.
- ¹⁵¹ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы... 183-б.
- ¹⁵² Национально-освободительное восстание казахских трудящихся против царизма в 1916 г. Сборник воспоминания и материалов. Алма-Ата, 1937. С. 274-275.
- ¹⁵³ Дулатов М. Шығармалары. Алматы, 1991. 294-295-б.б.
- ¹⁵⁴ Тынышпаев М. История казахского народа...С. 29-47.
- ¹⁵⁵ Рыскулов Т.Р. Из истории освободительной борьбы Востока // Новый Восток. 1924, № 6. С. 273.
- ¹⁵⁶ Восстание киргизов и казахов в 1916 году... С. 111.
- ¹⁵⁷ История Казахстана. В пяти томах. Т.3. Алматы, 2000. С. 643.
- ¹⁵⁸ ҚР ОММ. 380-қ., 1-т., 1-іс, 175-177-пп.
- ¹⁵⁹ Сонда. 9-қ., 1-т., 34-іс, 17-п.
- ¹⁶⁰ Сонда. 19-қ., 1-т., 623-іс, 157-158-пп.
- ¹⁶¹ Сонда. 44-қ., 1-т.,19370-іс, 1-п.
- ¹⁶² Сапарғалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане (1905-1917 г.г.)... С. 219.
- ¹⁶³ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы... 191-б.
- ¹⁶⁴ //Қазақ. 1917, № 254.
- ¹⁶⁵ ҚР ОММ. 13-қ., 1-т., 1-іс, 6-п.
- ¹⁶⁶ ӨР ОММ. и-1-қ., 31-т., 1139-іс, 1-2-п.

¹⁶⁷ Қаһарлы 1916 жыл (ҚҰжаттар мен материалдар жинағы). Алматы, 1998.
189- б.